



ҚАЗАҚСТАН–РУАНДА: ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ӘРІПТЕСТІК



Ақорда резиденциясында елімізге ресми сапармен келген Руанда Республикасының Президенті Поль Кагамеі салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Руанданың әнұрандары шырқалды. Салтанатты рәсімнен кейін президенттер келіссөз өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Поль Кагамеге ілтипат білдіріп, бұл сапардың тарихи мәні зор деп бағалады. Сондай-ақ Қазақстан мен Руанда

арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге шығатынын жеткізді.

— Сіздің бұл сапарыңыз және алдағы келіссөздер екіжақты ықпалдас-

тыққа тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды деп ойлаймын. Руанданың экономикасы қарқынды дамып келеді. Менінше, өзара байланыстарды нығайта беру қажет. Өйткені Қазақстан — ІЖӨ көлемі, ІТ технологиялар мен жасанды интеллектті дамыту бойынша өңірдегі көшбасшы ел. Бұл біздің өзара тиімді ынтымақтастығымызды өркендетудің басым бағыттары бола алады. Сондықтан Сіздің сапарыңызға ерекше мән беремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Руанда Президенті Мемлекет басшысына қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін жеткізді.

— Еліңізге шақырғаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Мен бұған дейін Қазақстанға 2015 жылы келген болатынмын, бұл менің екінші сапарым. Өзіңізбен және Сіздің командаңызбен бірге екі ел игілігі жолындағы бірлескен жұмысымызды жалғастырудың мүмкіндіктерін қарастырамыз, — деді Поль Кагаме.

Тараптар Қазақстан мен Руанданың саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы және цифрландыру салаларындағы қарым-қатынастарын дамыту перспективасын талқылады. Сондай-ақ президенттер аймақтық және халықаралық мәселелер туралы пікір алмасты.

(Жалғасы 2-бетте)

СОЛТҮСТІК МАКЕДОНИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумына қатысу үшін Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Солтүстік Македония Президенті Гордана Силяндовска-Давковамен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның сапары Астана мен Скопье арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатқанын атап өтті.

— Қазақстан Солтүстік Македониямен жан-жақты серіктестікті дамытуға мүдделі және Сіздің еліңізді Балқан түбегіндегі сенімді әріптес ретінде қарастырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Гордана Силяндовска-Давкова Қазақстанға шақырғаны үшін Президентке алғыс айтып, екіжақты ықпалдастықты одан әрі нығайтуға зор әлеует бар екенін жеткізді.

Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты егжей-тегжейлі талқылады. Президенттер Қазақстан–Солтүстік Македония қарым-қатынастарының барлық саласына тың серпін беруге уағдаласты. Әсіресе, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, қаржы және туризм сияқты перспективті бағыттарға назар аударылды. Мемлекеттер басшылары Солтүстік Македонияның танымал Alkaloid фармацевтикалық компаниясының Алматыда өкілдік ашу туралы шешімін құптады.

Бұдан бөлек, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Германия Федеративтік Республикасы Бундесратының Президенті, Саар федералды жерінің Премьер-министрі Анке Релингермен кездесу өткізді.

Президент Германияны Қазақстан-ның Еуропа Одағындағы негізгі стратегиялық серіктесі ретінде атап, бұл ел экономикамыздың жетекші инвесторының бірі саналатынын айтты.

— Германия — біз үшін маңызды ел, Еуропадағы негізгі серіктесіміз. Сіздердің мемлекетпен ынтымақтастыққа айрықша мән береміз. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Германияға жасаған сапарым туралы ойыммен бөліскім келеді. Өзім бұрыннан жақсы білетін Штайнмайер мырзамен келіссөз жүргіздім. Ал парламентаралық байланыстарға келетін болсақ, мен ықпалдастықтың бұл бағытын қолдаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға еліміздің экономикалық саясатының басым бағыттары жайында әңгімелеп берді.

— Қазір ірі инфрақұрылымдық жобаларды, цифрландыру және жасанды интеллектті дамытуға күш салу керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар көлік-логистика және ауыл шаруашылығы салаларын да өркендету қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан соңғы жылдары ауқымды саяси реформалар жүргізгенін жеткізді.

— Заңнамаға, ең әуелі, Конституцияға жасалған өзгерістер Қазақстан-

ның жаңғыру жолына түбегейлі түскенін көрсетеді. Әрине, реформалар жалғасып жатыр. Құқық қорғау және сот жүйесіне де өзгерістер енгізілуі мүмкін. Бұл — өте маңызды. Бірақ мемлекеттің құрылымы, мен бұл жерде президенттік басқару жүйесі туралы айтып отырмын, бұрынғы калпында сақталады. Өйткені қазіргідей алмағайып кезеңде мемлекеттің сипаты осындай болуға тиіс. Бұл біздің түсінігімізге сай келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Анке Релингер кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел игілігі жолында ортақ мақсаттарды ілгерілетуе дайын екенін жеткізді.

— Ой-пікір алмасуға уақыт бөленіңіз үшін көп рақмет. Сіздің ыстық ықыласыңызды Федералдық Президент Штайнмайерге жеткіземін. Ол — Қазақстан мен Орталық Азияның шынайы досы. Қазақстан орта держава ретінде біздің осы өңірдегі негізгі серіктесіміз, — деді Германия Бундесратының Президенті.

Кездесуде Қазақстан мен Германия арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономика, энергетика салаларындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президенттер екі ел арасындағы достыққа, тату көршілікке және одақтастыққа негізделген мемлекетаралық байланыс қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті және әзербайжан халқын ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Сан ғасырлық достыққа негізделген қазақ-әзербайжан қарым-қатынасы шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дамып келе жатқаны қуантады. Бірлескен күш-жігеріміз арқылы жетістіктерімізді еселеп, сан қырлы мемлекетаралық ынтымақтастықты жаңа белеске шығаратынымызға сенімдімін, — деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевтің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас әзербайжан халқына бақ-береке тіледі.



Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Тайе Ачке-Селассиеге Эфиопияның Ұлттық күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті жеделхатында екі ел арасындағы қарым-қатынас зор әлеуетке ие екенін атап өтіп, өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін күш-жігер жұмылдыруға әзірлігін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тайе Ачке-Селассиенің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал Эфиопия халқына құт-береке тіледі.

РУДА ӨҢДЕУ ІСІНДЕ ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Мемлекет басшысы Ivanhoe Mines Ltd. компаниясы директорлар кеңесінің атқарушы тең төрағасы Роберт Фридландты қабылдады.



Кездесуде геологиялық барлау, кен игеру және металл өңдеу салаларындағы ынтымақтастық перспекти-

васы талқыланды. Президентке Қазақстандағы Шу-Сарысу мыс бассейнінде ауқымды геологиялық барлау

жұмыстарының басталғаны жөнінде мәлімет берілді. Ivanhoe Mines компаниясы бұған дейін аталған учаскедегі қазба байлықтарын зерттеуге 18,7 миллион доллар бөлгенін және инвестиция көлемін 4 жылда 115 миллион долларға дейін ұлғайтуға ниетті екенін хабарлаған еді.

Роберт Фридланд бұл жобаны жүзеге асыру барысында озық аэрогеофизикалық технологиялар мен мәліметтердің цифрлық талдауын пайдалану жоспарланып отырғанын жеткізді. Оның айтуынша, Қазақстанның мыс игеру тарихындағы ең ауқымды жобаны іске асыру әлемдегі осы руданы өңдеу ісінде жаңа перспективаға жол ашады.

29 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚСТАН–РУАНДА: ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ӘРІПТЕСТІК



(Басы 1-бетте)

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ЖЕТКЕН ЕЛ

Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумына қатысу үшін елімізге келген Руанда Президентімен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Руанда Президенті Поль Кагаменің Қазақстанға 2015 жылы жасаған сапарынан кейін екі елдің өзара құрметке негізделген, ынтымақтастық пен орнықты дамуды көздейтін қарым-қатынасы айтарлықтай табысқа жеткенін атап өтті. Президент Қазақстанның Африка мемлекеттерімен байланысты кеңейтуге ерекше мән беретініне назар аударды.

— Сіздің көреген көшбасшылығыңызбен Руанда даму даңғылына түсіп, институционалды орнықтылық пен болашаққа бағдарланған жаңашылдықтың үлгісін көрсетті. Еліңіздің экономикалық өсімі 8 пайыздан асты. Бұл — жаңғыртудың жарқын көрінісі. Осы орайда Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән береміз. Қазақстан екіжақты тиімді байланыстарды нақты жобалар арқылы ілгерілетуге дайын. Сіздің сапарыңыз барысында қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен Руанда арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Поль Кагаме Қазақстанның екіжақты ықпалдастықты дамытудағы күш-жігеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ Руанда мен Қазақстан арасындағы серіктестіктің әлеуетіне тоқталып, екі елдің өркендеуіне және стратегиялық диалогтың нығаюына

ықпал ететін бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

— Астанаға екінші мәрте жолым түскеніне қуаныштымын. Қазақстан ұлттық даму жолында толайым табысқа жетіп, соның арқасында халықаралық аренадағы рөлі артып келеді. Біз өзіңізбен және сіздің еліңізбен серіктес әрі достас болғанымызға ризамыз, — деді Руанда Президенті.

Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ықпалдастықтың басым бағыттарын, соның ішінде сауда, инвестиция, көлік, электрондық үкімет және қаржы салаларындағы байланыстарды дамытуға уағдаласты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Руанда Президенті Поль Кагаме Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Ал ресми делегация мүшелері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ғылым, ауыл шаруашылығы, туризм, сауда салаларында ынтымақтастық орнатуға бағытталған құжаттармен алмасты.

ЭКОНОМИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

БАҚ өкілдері үшін өткізілген брифинг барысында Мемлекет басшысы елдеріміз үшін мән-маңызы зор келіссөздер жүргізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, Африка құрлығының халықаралық ықпалы жылдан жылға күшейіп келеді. Қазақстан осы аймақтағы елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше мән беріп отыр.

— Біз Руанданы Африкадағы сенімді серіктесіміздің бірі ретінде қарастыра-

мыз. Сондай-ақ өзара әріптестікті одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Бүгінгі кездесу мазмұнды әрі мағыналы болды. Біз екіжақты ынтымақтастықты күшейту жолдарын талқыладық. Нақты келісімдерге қол жеткіздік. Екі ел арасындағы саяси диалогты дамытуға уағдаластық. Алдағы уақытта Сыртқы істер министрліктері жоғары деңгейдегі кездесулер өткізетін болды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы биыл Қазақстан мен Руанда дипломатиялық және қызметтік төлқұжат иелерін визалық талаптардан босатуға келіскеніне тоқталды.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары парламентаралық дипломатия мәселесін пысықтағанын жеткізді. Сондай-ақ көлік-логистика және сауда салаларында бірлескен жұмыс топтарын құру туралы келісім жасады. Қазақстан Президенті мұны сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытудың тетігі санайды.

— Бұл ретте халықаралық дәліздердің мүмкіндігін талқыладық. Келіссөз барысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін пысықтадық. Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін Африка құрлығына тасымалдау жолдарын қарастырдық. Елдеріміз озық технология, жасанды интеллект және ғарыш саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Біз цифрландыру және киберқауіпсіздік мәселелеріне қатысты ортақ жобаларды қолға алмамыз деп келістік. Ғарыш кеністігін бірлесіп игеру жөнінде уағдаластыққа қол жеткіздік. Мұндай қадам мемлекеттік қызмет пен бизнестің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Руанда жасыл энергетика саласын өркендетіп, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүдделі екенін айтты. Осыған орай қос мемлекет бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті. Бұл уағдаластықтар сауда-саттық көлемін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар екі елдің инвестициялық ықпалдастығына тың серпін береді.

— Бүгінде Астана мен Кигалидің халықаралық қаржы орталықтары арасында тығыз байланыс бар. Біз жаһандық қаржы нарығындағы осы байланысты одан әрі нығайтуға келістік. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және қоршаған ортаны қорғау мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Руанданың климатты сақтау бағытында мол тәжірибесі бар. Соның арқасында жаһандық жобаларға зор үлес қосып келеді. Осы ретте тәжірибе алмасудың өзекті екенін атап өттік. Халықаралық конвенциялар мен келісімдер аясында экология мәселелерін шешу үшін күш біріктіру жолдарын талқыладық, — деді Мемлекет басшысы.

БЕРІК БАЙЛАНЫС ОДАН ӘРІ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Келіссөздер кезінде мәдениет, білім-ғылым салаларындағы ынтымақтастыққа да ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, президенттер академиялық байланысты дамытуға, студент алмасуға, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге келісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Поль Кагамені әлемдік саясатта мол тәжірибесі, беделі бар Президент ретінде атап өтіп, жаһандық мәселелер жөнінде пікір алмасқанына тоқталды.

— Екі елдің халықаралық түйткілдерге қатысты ұстанымдары ортақ деп айтуға болады. Біз жаһандық дағдарыстың бәрін тек дипломатиялық жолмен шешу керек деп есептейміз. Бейбіт келіссөздер жүргізуді қолдаймыз. Бұған қоса, халықаралық ұйымдар аясында өзара ықпалдастықты күшейтуге уағдаластық. Бастамаларымыз бойынша бір-бірімізге қолдау көрсетуге келістік. Президент Кагаме мырзаның елімізге ресми сапарының тарихи маңызы бар. Біз екіжақты байланысты дамытуға, түрлі саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенімізді расталдық. Бүгінгі келіссөздің нәтижесі — соның айқын дәлелі. Енді осы келісімдерді сапалы жүзеге асыруымыз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Поль Кагаме де келіссөздердің қорытындысын жоғары бағалады.

— Қазақстан Президентімен өте нәтижелі келіссөз жүргіздік. Елдеріміз арасындағы берік достық өзара серіктестігімізді одан әрі нығайтуға негіз болады. Келісімдерге қол қою арқылы ынтымақтастық мүмкіндіктерін арттыруға ниеттіміз. Екі мемлекеттің сауда, технология және ауыл шаруашылығы салаларында бір-бірінен үйренері көп. Біз «Самұрық-Қазына» АҚ мен Rwanda Mines, Petroleum and Gas Board арасында келісім жасалуды күптаймыз. Руанда Қазақстанның энергетика, тау-кен өнеркәсібі және минералдарды өңдеу салаларындағы инновацияларын игеру арқылы айтарлықтай пайдаға кенеле алады, — деді Руанда Президенті.

Дайындаған
Кәмила ДҮЙСЕН

БІРЛЕСКЕН ҚАДАМ – ОРТАҚ КЕЛЕШЕК

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстан Республикасына алғаш рет ресми сапармен келген Германия Федеративтік Республикасы Бундесратының Президенті Анке Релингермен кездесті. Кездесу барысында тараптар инвестициялық ынтымақтастық және парламентаралық өзара іс-қимылды одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев мейманға ілтипат білдіре келіп, Германия Қазақстанның Еуропалық Одақтағы стратегиялық серіктесі екенін айтты. Сенат Спикері атап өткендей, дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері Қазақстан мен Германия арасында сенімді саяси диалог жолға қойылды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық пен мәдени-гуманитарлық байланыстар да нәтижелі дамып келеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы достық және өзара тиімді қарым-қатынасты нығайтуға үнемі баса мән береді. Бұған соңғы үш жылда Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайердің, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың және Германияның Федералды Канцлері Олаф Шольцтың өзара сапарлары — айқын дәлел. Сонымен қатар былтыр Ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға қол қойылғаны белгілі. Бұл стратегиялық

серіктестікті одан әрі нығайту жолындағы маңызды қадам болды. Біз Сенат тарапынан заңнамалық қолдау көрсетуге және барлық келісімді тиімді іске асыру жолында бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», — деп, Палата Төрағасы Бундесрат Президентінің бұл сапары елдер арасындағы қатынастарды одан әрі ілгерілетуге елеулі серпін беретініне сенім білдірді.

Сұхбат кезінде Мәулен Әшімбаев пен Анке Релингер парламентаралық байланыстарды нығайту перспективаларына, оның ішінде заң шығару қызметінде тәжірибе алмасуға қатысты мәселелерге де назар аударды.

«Парламентаралық диалог елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолында маңызды рөл атқарады. Осы бағыттағы алғашқы қадам ретінде салалық комитеттер және Сенат пен Бундесрат аппараттары арасында жұмыс байланыстарын орнатуға мол мүмкіндік бар. Біздің Парламенттің екі палатасында да Германиямен достық топтары



жұмыс істейді. Бұл топтардың қызметі екіжақты ынтымақтастықтың маңызды тетігі саналады. Олардың әлеуетін барынша белсенді пайдалануға болады», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар кездесуде Орталық Азия — Германия стратегиялық серіктестік орнатқан аймақ екені сөз болды. Осыған байланысты Палата Төрағасы сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастық, сондай-ақ жасыл экономика және өңіраралық өзара іс-қимыл салаларын дамытуды заңнамалық тұрғыдан қолдауды көздейтін бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды.

«Бундесрат — «жер палатасы» екенін білеміз. Сенат та Қазақстандағы өңірлердің мүддесін қорғайтын палата. Сондықтан біз елдеріміздің өңірлері арасында байланыс орнатуға мүдделіміз. Жасыл энергетика, көлік және логистика, экология және ауыл шаруа-

шылығы, туризм сияқты секторлар өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары бола алады. Өңірлер арасындағы байланыстарды нығайту ісінде федеративтік жерлер өкілдерімен де белсенді ынтымақтастық орнатуға дайынбыз», — деп, палата Төрағасы делегаттарға Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан кешенді реформалардың негізгі мәні мен маңызы жөнінде айтып берді.

Өз кезегінде Анке Релингер Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге жоғары баға берді және екі елдің ынтымақтастығы одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

Кездесуде рухани дипломатияны дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. Бұл ретте биылғы қыркүйекте Қазақстанда өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысы әңгімеге арқау болды.

Мейір ЖАСЫН

СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Астанаға ресми сапармен келген Германия Бундесратының Президенті Анке Релингермен кездесті.



Мәжіліс Спикері Бундесрат төрағасының сапары мазмұнды өтіп жатқанын айтты. Бұған дейін Анке Релингерді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдады, сондай-ақ ол Премьер-Министр Олжас Бектөновпен және Сенат Төрағасы Маулен Әшімбаевпен келіссөздер жүргізді.

Ерлан Қошанов Қазақстан Германияны Еуропадағы негізгі стратегиялық серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

— Екі ел арасындағы саяси диалог өзара түсіністік пен сенім рухында дамып келеді. Соңғы жылдары жоғары деңгейде сапар алмасу өте белсенді жүргізіліп жатыр. Ол — 2023 жылғы маусым айында Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер

Штайнмайердің Қазақстанға жасаған сапары, 2023 жылғы қыркүйек айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германияға жасаған сапары, сондай-ақ Германия Федералды Канцлері Олаф Шольцтың сапары мен соның аясында өткен «Орталық Азия — Германия» форматындағы екінші саммиті, — деді Мәжіліс Спикері.

Мәжіліс Төрағасы парламентаралық байланыс саяси диалогтің маңызды бөлшегіне айналғанына назар аударды. Ол Анке Релингердің сапары парламенттік ықпалдастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері германиялық әріптестеріне Мемлекет басшысының «Күшті Президент — ықпал-

ды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласы аясында жүргізіліп жатқан Қазақстандағы ауқымды реформалар туралы мәлімет берді. Әсіресе, көппартиялы Мәжілістің жұмысына, әлеуметтік әділдікті, заң үстемдігі мен тәртіпті ілгерілетуге, сондай-ақ экономиканы дамытуға бағытталған заңдарға ерекше көңіл бөлді.

Өз кезегінде Бундесрат Президенті Қазақстандағы саяси өзгерістер мен экономикалық жетістіктерді қолдады. Геосаяси тұрақсыздық жағдайында Қазақстан Германияның сенімді серіктесі болып отырғанына назар аударды. Сондай-ақ климаттың өзгеруімен күрес, экономикалық ынтымақтастық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту сияқты бағыттарда серіктестікті тереңдетуге Германия тарапынан қызығушылық бар екенін білдірді.

Тараптар ауыл шаруашылығы, логистика, өнеркәсіп және жаңа технологиялар салаларында ынтымақтастықты нығайту мүмкіндіктерін де талқылады.

Депутаттар жаңа жобаларды заңнамалық тұрғыдан қолдауға дайын екендіктерін айтты.

Кездесу барысында Парламентаралық одақ, ЕҚЫҰ және Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеялары сияқты халықаралық парламенттік ұйымдар аясындағы өзара іс-әрекет мәселелері де қозғалды.

ЕҢБЕК ЕТКЕННІҢ ЕҢСЕСІ БИІК

Қарағанды қаласында өткен «Еңбегі жанған арулар» форумында жұмысшы мамандық иелерінің мәртебесін арттыру, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің мемлекет пен қоғам өміріндегі ролін нығайту мәселелері талқыланды. Ауқымды іс-шараға өңірдің түкпір-түкпірінен келген 600-ге жуық әйел қатысты. Олардың қатарында металлургтер, шаруалар, құрылысшылар, ТКШ және әлеуметтік сала қызметкерлері бар. Олар күн сайын еңбегімен ел экономикасына үлес қосып, отбасылық әл-ауқат үшін төгіп жүрген жандар.

Экономиканың нақты секторында еңбек етіп жүрген әйелдер — еңбекке негізделген, тең мүмкіндіктер мен әлеуметтік жауапкершілікке құрылған Әділетті Қазақстанның ажырамас бөлігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әйелдердің табанды да тиімді еңбегі еліміздің әлеуеті мен абыройын нығайта түсуде. Осыған орай Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «AMANAT» партиясы еңбек адамдарының мәртебесін арттыруға бағытталған осындай форумдарды жүйелі түрде өткізуде.

Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, бүгінгі күні әйелдер тек қоғамдық өмірге қатысып қана қоймай, ел болашағын белсенді түрде қалыптастырып жатыр. Олар басшылық қызметтерге келіп, қоғамды жақсы жаққа өзгертетін бастамаларды ілгерілетуде.

«Президенттің саяси және әлеуметтік реформалары әйелдер мен балалардың құқықтық қорғалуын күшейтті, көпбалалы аналарды қолдау жөніндегі ұлттық модельді қалыптастырды. Әйелдердің басқарушылық қызметін кеңейтті. Нәтижесінде, нәзік жанды азаматтар егіс дала-сында да, өндірісте де, мемлекеттік қызмет пен бизнесте де табысты еңбек етуде. «AMANAT» партиясы құрамында 500 мыңға жуық әйел бар. Біз олардың мүддесін жүйелі түрде қорғап, отбасылық құндылықтарды сақтауға күш салып келеміз. Басты мақсаттары — инклюзивті мәдениет пен гендерлік теңдікті қалыптастыру. Яғни, жалақы мен лауазым біліктілікке байланысты берілуге тиіс», — деді Ержан Жылқыбаев.

Сондай-ақ ол форумды ұйымдастыруға мұрындық болған партияның Әйелдер канаты өз жұмысын табысты жүргізіп келе жатқанын атап өтті. Соңғы екі жылда 20 мыңнан астам әйел кәсіпкерлік негіздерін меңгерсе, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері арасындағы әйелдердің үлесі 30 пайыздан асты. Ал ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасына қатысушылардың үштен бірі — нәзік жандар. Қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған «Қарызсыз қоғам» жобасының түлектерінің 58 пайызы — көпбалалы аналар.

Бұдан бөлек, Әйелдер канатының тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі



бастамалары арнайы заң қабылдауға негіз болды. Соның нәтижесінде зорлық-зомбылық туралы шағымдар саны үштен бірге азайды. Бүгінде елімізде 69 лагдарыс орталығы мен баспана жұмыс істеп тұр.

Президенттің Жолдауы мен сайлауалды бағдарламасы, сондай-ақ «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында елде ана мен балаға арналған жағдайлар біртіндеп жақсарып келеді. Атап айтқанда, бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі 1,5 жылға дейін ұлғайтылды, көпбалалы аналарға арналған жәрдемақылар көбейтілді. Әлеуметтік осал топтағы 100 мыңнан астам бала балабақшада тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар «Ұлттық қор — балаларға» және «Келешек» ерікті жинақтау бағдарламасы — сәтті жүзеге асуда.

Форумда Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков сөз сөйлеп, өңір экономикасындағы әйелдердің үлесіне тоқталды. Оның айтуынша, облыста шағын және орта бизнесте 122 мың әйел еңбек етеді.

«Мемлекеттік қызметте — 2,8 мың, ІТ саласында — 11,3 мың, энергетикада — 3,7 мың, саудада — 9 мың әйел жұмыс істейді. Бұл — өңірдегі нәзік жандардың ел дамуына қосып жатқан нақты үлесінің көрінісі. Әсіресе, өнеркәсіп саласында 24 мыңнан астам әйел басшылық қызмет атқарып жүр. Бұл олардың кәсіби әлеуетінің артқанын білдіреді», — деді ол.

Форумның жарқын сәттерінің бірі — ерекше еңбек жолымен көзге түскен әйелдердің марапатталуы болды. Олардың қатарында — темір ұстасы (токарь), «Құрмет» орденінің иегері Зейра Садыхова, фермер Арайлым Байдашова, кран машинисі Бақыт Жүнісова, Теміртаудағы

етікшілер әулетінің мұрагері Марина Машковская, құс өсіруші Жанар Сарбокова және тағы басқалар бар. Барлығы алғыс хаттармен және акшалай сыйлықтармен марапатталды.

«Менің кран жүргізетінімді естігенде, адамдар таңғалады. Бірақ мен үшін бұл — мақтанышпен атқаратын мамандық. Қазір әйелдер кез келген саланы таңдап, стереотиптерге қарамастан мойындалуға мүмкіндігі бар екеніне қуаныштымын», — деді Бақыт Жүнісова.

Форум аясында қатысушылар қаржылық сауаттылық, психология және тұлғалық даму бойынша тренингтерден өтті, әйелдер денсаулығы мен кәсіби өзіне-өзі жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ партиялық бірлікті нығайтудың белгісі ретінде жұмысшы мамандықтағы жаңа партия мүшелеріне салтанатты түрде партиялық билет табысталды.

Іс-шара соңында қатысушылар үшін ерекше сый — жергілікті студенттердің шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Болашақ визажистер мен стилистер ауыр еңбекпен айналысатын әйелдерге тегін макияж жасап, шаш үлгісін келтірді. Бұл — жұмысшы әйелдің еңбегімен қатар, сұлулығы мен өз-өзіне деген сеніміне де лайық екенінің көрінісі.

«Еңбегі жанған арулар» форумы — еңбекші әйелдердің қалыптасқан шеберлік сабағы әділетті Қазақстанның нақты үлгісі. Осылайша, «AMANAT» партиясы еңбек адамдарына, әсіресе әйелдерге, өзекті мәселелерді талқылауға, тәжірибе алмасуға арналған шынайы алаң ұсынды.

Елнар ЕЛТАЙ

ЗАҢСЫЗ КІРІСКЕ ЗАҢДЫҚ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Төрт заң екінші оқылымда қабылданды. Олар: нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы, ішкі істер органдарының қызметіне қатысты, сондай-ақ Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша, астана мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту бойынша заңдар.

Мәжіліс қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Жоба салалық заңнаманы Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобы ұсынымдарына сәйкес келтіру үшін әзірленген. Құжат аясында 6 кодекс пен 14 заңға түзетулер енгізіледі.

Заң жобасын Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Жеңіс Елемесов таныстырды. Оның айтуынша, агенттік қылмыстық кірістерді жылыстату және заңсыз қызметті қаржыландыру тәуекелдерін анықтау үшін коммерциялық емес ұйымдардың күдікті операцияларына талдау және мониторинг жүргізу мәнін жүктеледі.

Қаржы мониторингінің жаңа субъектілері ұялы байланыс операторлары мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы болады. Сондай-ақ депутаттар бұл тізімге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын қалдыруды да ұсынды.

Бұл ретте қаржы мониторингі субъектілері күдікті қызмет туралы хабарларды уәкілетті органға жіберуге міндетті болады. Талқылау барысында депутат Павел Казанцев қазіргі уақытта олар Қаржылық мониторинг агенттігіне күдікті қызмет туралы ғана ақпарат беріп жатқанын атап өтті. Осы орайда депутат спикерден ұсынылып отырған жаңашылдықтың мақсатын және күдікті қызметті анықтаудың кандай критерийлері бар екенін сұрады.

Жеңіс Елемесов өз жауабында «күдікті қызмет» ұғымын енгізудің мәні қаржылық мониторинг субъектілері алатын трансферттердің жиынтығын талдау жүргізу екенін айтты. Оның айтуынша, әрбір операция бөлек ресми түрде күдік тудырмауы мүмкін, мұны бір-бірімен байланысты операциялар тізбегі арқылы анықтауға болады.

Сонымен қатар заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Мұрат Ерғешбаев қосымша баяндамасында мәдени құндылықтарды қолма-қол нысанда сатып алу (сату) бойынша операциялар үшін қаржылық мониторингтің шекті мөлшерін 45 миллион теңгеден 1 миллион теңгеге дейін төмендету ұсынылғанын айтты. Сомасы 5 миллион теңгеге тең немесе одан асатын цифрлық активтермен жасалатын операциялар да қаржылық бақылауға алынады. Мәжілісмендердің ұсынысымен «мінсіз іскерлік бедел» ұғымы енгізіліп отыр. Яғни, бұрын әрекеттері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға ықпал еткен жеке тұлғалармен байланысы бар кандидаттар енді қаржы ұйымының басшысы лауазымына иіміткер бола аламыды.

Мәжіліс Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Абзал Құспан құжатпен жұмыс екі жылға жуық уақыт жүргізілгенін атап өтті. Қылмыстық заңнаманы жүйелеуге және үйлестіруге арналған заңға соңғы 10 жылда мыңнан астам өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

— Түзетулерді Әділет министрлігі Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында берген қылмыстық сот ісін жүргізуді оңтайландыру жөніндегі тапсырмасын орындау, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру аясында әзірледі. Қазақстан тарихында алғаш рет қылмыстық заңнамға өзгерістер мен толықтырулар енгізу өкілеттігі құқық қорғау органдарынан ведомстволық мүддесі жоқ орган ретінде Әділет министрлігіне берілді, — деді депутат.

Заңда азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды, бәсекелестік қабілеттілікті күшейту және қылмыстық іс жүргізуді оңтайландыру сияқты салалар қамтылған. Атап айтқанда, адвокаттардың құқықтары кеңейтілді. Олар сотқа қорғау актісін — айыпту қорытындысына қарсы құжатты ұсына алады, тексеру объектілері туралы мәліметтермен, жедел-із-дестіру және қарсы барлау іс-шараларының материалдарымен, жасырын тергеу әрекеттерімен таныса алады. Бұдан басқа да түзетулер ұсынылады.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов депутаттардың қоғам үшін маңызы зор заңды қабылдағанын атап өтті. Ол еріксіз некеге тұруға мәжбүрленгені үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу түріндегі қылмыстық жауапкершілік қарастырылған жаңа нормаға ерекше тоқталды.

— Соңғы кездері қыз алып қашуды ұлттық дәстүр санап, дәріптеу әрекеттері жиілеп барлады. Бұл — шын мәнінде, адамның құқығы мен еркіндігін өрескел кемсіту. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінде: «Бұл — мүлдем актауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек» деген болатын, — деді Е.Қошанов.

Заңда шешімін тапқан тағы бір өзекті мәселе — дропперлік. Палата төрағасы қылмыстың бұл түрімен күресті күшейту мақсатымен депутаттар бұл әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік бекітетін түзетулер әзірлегенін айтты. Заң қабылданған соң мұндай қылмысты жасаған адам 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылып немесе шектеліп, мүлкі тәркіленетін болады.

Сонында Мәжіліс Спикері бүгін қабылданған заңның жекелеген нормалары бойынша, әсіресе жасаған әрекеттері үшін жауапкершілікке мән бермейтін жастар арасында кенінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін баса айтты.

Бұдан соң нысаналы капитал қорлары және эндаумент-қорлар (нысаналы капиталдар) туралы заң мен оған ілесіп түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі Жұлдыз Сүлейменова құжатты қарау нәтижесінде активтерді сенімгерлік басқаруға берудің шекті мөлшері 10 мың АЕК деп белгіленіп, депутаттар ұсынысымен әкімшілік-шаруашылық шығыстардың шекті көлемі инвестициялық кірістің 15 пайызын немесе таза активтердің орташа құнының 0,5 пайызын құрайтынын айтты. Нысаналы капитал қорын құру кезінде алушының жазбаша келісімін алу талабы енгізілді, бұл

ұйымдардың келісімінсіз олардың атынан қор құру мүмкіндігін шектейді.

Ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттеуін болғызбау мәселелері бойынша заңда екінші оқылымнан өтті. Жұмыс тобының жетекшісі Жарқынбек Амантайдың айтуынша, енді 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан құқық қорғау арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне, әскери қызметшілерге біржолғы төлемдерден бөлек, ай сайынғы төлемдер қосымша төленетін болады. Сондай-ақ заң құқық қорғау қызметін жүзеге асыруға, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге, өндірістік мақсатта өсіруге рұқсат етілген қарасора өсімдіктерінің (каннабис) сорттарын анықтауға және басқаларға қатысты мәселелерді реттейді.

Астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша заң екінші оқылымда қабылданды. Жұмыс тобының жетекшісі Болатбек Нәжіметдинұлы заңда астана мен республикалық маңызы бар қалаларды абаттандыру нормалары жетілдірілгенін баяндады. Олар қолжетімді ортаны қамтамасыз етуге, дизайн-кодты енгізуге, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреттерін нақтылауға қатысты. Сонымен қатар елордадағы көші-кон және жарнама қызметі реттеледі. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында өмірлік маңызы бар салалардың: жылу-энергетика, сумен жабдықтау және су бұрудың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бірінші кезектегі инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Мәжіліс «Ақшаруашылық туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақшаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға Сенат ұсынған жаңа редакциямен келісті.

Мәжіліс комитеттері бірқатар ратификациялық жобаны жұмысқа қабылдады. Олар: Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасындағы «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі Қостанай филиалының жұмыс істеуі туралы келісім, Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы Қазақстаннан келген жұмыскерлерді Қатарда жұмысқа орналастыруды реттеу жөніндегі келісім, 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан мен Қырғыз жөніндегі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу жөніндегі хаттама, Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 10 депутаттық сауал жолдады.

ӨЗЕКТІ

29 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Германия азаматтарының көбі, 57%-ы ел шетіне жау тисе, Еуропаның өзге еліне үдере көшуге, не беріліп, қарсыласқа қызмет етуге ниетті. Тек 32%-ы қолына қару алып, отанын қасық қаны қалғанша қорғауға дайын. Focus-Online сауалнамасының қорытындысы бүкіл еуропалықты естен тандыра жаздады. Қазақстанда мұндай тақырыпта әлеуметтік зерттеу жүргізілмейді. Бірақ әскери-патриоттық тәрбие ісінің тоқырағаны байқалады. Осыған орай Президент әскери даярлықты жетілдіруді тапсырды, «AMANAT» партиясының депутаттары тиісті ұсыныстар енгізді.



Айхан ШӘРІП

Ата-бабадан аманат болған ел мен жерді, азаттық пен өр рухты, егемендік пен елдікті сақтау, осы жолда опат болған арыстарды ардақтау, ұлтты шексіз сүю — әрбір буындағы ұрпақтың қасиетті парызы. Ұрпағы осы ұлы ұғымды өсиеттей санасына сіңіріп, ойға тоқып, дау тудырмас ақиқаттай қабылдайтын, әр ісінде башшылыққа алатын, ел басына күн туса, халқы кастерлі тудың түбінен табылатын мемлекеттер ғана күн сөнгенше мәңгі тұрады.

Бұған қол жеткізу үшін тиісті тәрбие балабақшадан басталса құба-құп. Алайда Қазақстанда «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәні тек жоғарғы сыныптарда оқытылады. Оның өзінде педагогтер мен депутаттардың айтуынша, бұл пән үстірт өтеді, әбден ескірген тактика мен стратегияға құрылған оқулықтар негізінде оқытылады, тіпті қарапайым жабдығы жетіспейді, қару орнына ағаштан жасалған үлгіңүсқа-муляжы пайдаланылады екен.

Соның салдарынан мектеп бітірген түлектер әскерге лайықты дайындықсыз аттанады. Мұны бүгінде бірінші сыныпқа әріп таңымай барған баламен салыстыруға болады. Олқылықты түзеп, ахуалды жақсарту үшін биыл осы салада реформа басталды. Үкімет пен мүдделі министрліктер «аманаттық» депутаттарының ұсыныстарын пысықтап, «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» (БӘТД) пәнінің бағдарламасын қайта қарауға кірісті.



Алғашқы әскери даярлық пәнінің педагогі, запастағы лейтенант Бағлан Есентайдың пайымдауынша, кез келген азат мемлекеттің стратегиялық мақсаты — мемлекеттілікті нығайтуға, тәуелсіздікті қорғауға, Отанға бейбіт және соғыс уақытында адал қызмет етуге дайын тұратын патриот тұлғаларды тәрбиелеу, қалыптастыру және дамыту.

— Мемлекет бұл міндетіне мән бермей келді. Мектепте БӘТД пәні лайықты деңгейде оқыту үшін қажетті не оқулық, не құрал-жабдық жоқ. Дұрысы, әрбір білім ордасы ок ату, саптық жаттығу, әскери топография, радиациялық, химиялық, биологиялық қорғану, барлау, басқа бағыттарда жете жаракталғаны, тиісті тренажеры болғаны жөн. Бізде тіпті плац жок, амалсыз, мектептің айналасында

АРМИЯ АЙБЫНЫ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

сапта адымдауға, сапта жүгіруге үйретеміз. Шынында, қазіргі заман соғыстарында зымыранмен соққы берілеу үшін саппен, топпен қозғалуға болмайды. Бірақ бізден соғысқа емес, әскерге әзірлеу талап етіледі, — деді Б.Есентай.

Ол жана оқулықтарда бірінші кезекте, жас ұрпақ бойында әскери-отаншылдық көзқарас-сенімді, ой-ұғымды, Отанға деген сүйіспеншілік пен оның қаһарман тарихына деген мақтаныш сезімін қалыптастырып, нығайтуға баса мән берілуі керекін жеткізді. Атамекенін қорғағысы келмейтін адамның қолында кез келген заманауи қару — қу таяққа, техника — алыра қалатын жай темір-терсекке айналады.

Сондықтан алғашқы әскери даярлық мұғалімдерінің осы салада да сауатты болғаны, шәкірт-

соның негізінде әскери тақырыпта әлдебір тың ғылыми, тіпті практикалық, инновациялық жоба түзіп, оны қорғауға, прототипін жасауға, үйретуге болар еді. Соның аркасында мектепте жасөскіндерді әскери іске қызықтырып, болашақ білікті қолбасшыларды, әскери өнертапқыштарды даярлау ісінің мықты іргесін қалауға болар еді. Әттең, орта білім жүйесінде бастапқы әскери дайындыққа өте аз сағат бөлінген.

«AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Юлия Кучинс-



реформалау туралы бірде-бір сөз жоқ! — деді депутат.

Осы аяқталған 2024-2025 оқу жылында БӘТД пәнімен 10-11-сыныптарда және колледждердің 1-2-курсарында оқитын 700 мыңнан аса шәкірт қамтылды. Оларды даярлаумен аталған пәннің 5 мыңнан астам мұғалімі айналысты. Шындығын айтқанда, сол жүздеген мың жас әскери қызметке толық дайын болып шықты деп айту қиын. Себебі салада ондаған жыл бойы шешілмей, қордаланған мәселе көп.

Біріншіден, «аманаттық» депутаттар бастапқы әскери дайындық бойынша мемлекеттік стандарттарды қайта қарауды ұсынды. Соңғы 10 жылда оқу сағаттары 136-дан 98-ге дейін күрт қысқартылған. Сондай-ақ пән таза әскери тақырыптар сыртында, роботты техника, технологиялық дайындық бағыттарындағы жаңа бөлімдермен толықтырылды.

Педагогтердің айтуынша, соның салдарынан пән жоспарындағы бөлімдер мен тақырыптардың жалпы саны БӘТД оқытуға бөлінген жалпы сағаттар санынан айтарлықтай асып кетеді. Бұл көптеген тақырыпты қосып оқытуға, кейбірінен «өкіріп» өтуге соқтырған, шәкірттер әскери іс және



теуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерін қабылдауы қажет.

Төртіншіден, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Наталья Дементьеваның айтуынша, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің басты бір буыны саналғанымен, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні кабинеттерінің материалдық-техникалық базасы көнерген. Сол себепті жауапты министрліктер аталған пәннің кабинеттерін қару-жарақпен, заманауи оқулықтармен және жиһазбен қамтамасыз етуі, жарактандыру нормативтеріне өзгеріс енгізуі қажет.

Қолданыстағы әскери-техникалық мүқәммалмен жабдықтау нормалары оқу бағдарламасының

ғамбетов өз бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, БӘТД бойынша оқу жүктеме-сінің ең жоғарғы көлемі 10-11-сыныптарда — аптасына 1 сағаттан (оқу жылында — 34 сағаттан) аса алмайды. Қазіргі министр Ғани Бейсембаев оны өзгертуге тырысады.

— Бүгінде Оқу-ағарту министрлігі Қорғаныс министрлігімен және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесіп, БӘТД пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қайта қару жұмысын жүргізіп жатыр. Нәтижесінде, бұл пәннің негізгі сағаттары мен тақырыптары әскери дайындыққа бағдарланады. Оның ішінде саптық дайындыққа, инженерлік жабдықтауға, бекіністі бүркемелеуге, солдаттың майдандаласындағы іс-қимылдарына, барлауға мән беріледі. Сондай-ақ әртүрлі нысанын ату ережелері, пневматикалық винтовкадан атып үйрену, ақпараттық-психологиялық қауіпсіздікті сақтау негіздері де басымдық болады, — деді вице-премьер.

Оның айтуынша, үлгілік оқу бағдарламасын қайта қару жұмысы аясында жігіттер сыртында, қыздардың да дала оқу-жаттығу жиынын ұйымдастыру және өткізу мәселелері шешілуге тиіс. Ермек Көшербаевтың хабарлауынша, елдегі 7 963 мемлекеттік мектептің 5 408-інде ғана БӘТД кабинеті бар. Қалғанының көбі бастауыш, негізгі орта мектеп деңгейіндегі шағын жиынтықты білім ұйымы болғандықтан, яғни жоғарғы сынып оқушыларының жоқтығынан оларда алғашқы әскери даярлық кабинеттерін ашу талап етілмейді.

Бұған қоса, ПМ-нің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі №637 бұйрығына сай, мектептер азаматтық,

басқа бөлім бойынша тым үстірт білім алады.

Екіншіден, БӘТД аясында бозбалалар мен бойжеткендер 5 күндік әскери-дала оқу-жаттығу жиынынан өтуі керек. Осыған байланысты Білім министрлігі сонау 2022 жылы Қорғаныс министрлігінен әскери-дала оқу-жаттығу жиынын өткізу үшін оқу полигондарын ең құрыса 5 күнге беруді сұраған. Бұл мәселе негізінен, шешіле қоймапты. Кейбір жиын мектеп ауласында өтеді екен.

Мұның сыртында ол жиынға қыздардың қатысуы нақты регламенттелмеген. Тиісті жағдай жасалмаған соң қыздар жиындардан тыс қалады. Мәжіліс депутаттары осы 5 күндік жиынды өткізу бойынша нақты ұсынымдарды, сондай-ақ материалдық базаға, қауіпсіздік пен күн тәртібіне қатысты талаптарды бекітуді ұсынды.

**КИІМІНЕ
КАРАЙ ҚҰРМЕТІ...**

Үшіншіден, БӘТД оқытушысының мәртебесін арттыру қажет. Парламентте қаралып жатқан «Кейбір заңнамалық актілерге әскери-патриоттық тәрбие мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасына бір топ депутат тиісті ұсыныстарын енгізді. «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Айгүл Құспан осы заңжоба аясында мектептер мен колледждердегі патриоттық тәрбие мәселесі пысықталғанын жеткізді.

— Бұл заң «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімдеріне» де қатысты болады. Қазір бұл пәнді арнайы дайындығы жоқ, әскери қызметке еш қатысы жоқ, тіпті армияда әскери борышын өтемеген мұғалімдер оқыта береді. Біз әскери кафедрала арнайы дайындықтан өткен немесе қайта дайындықтан өткен запастағы әскери қызметшілерге ғана бұл пәнді жүргізуге рұқсат беру туралы талапты заңжобаға енгіздік. Меніңше, бұл түзету оқытудың сапасын бірден арттырады. Алдында әскери форма киген мұғалім тұрса, оның бейнесі балалардың патриоттық сезіміне әсер етеді, — деді А.Құспан.

Депутаттар аталған пән мұғалімінің мәртебесін көтеру үшін бір жағынан, педагогтерге үйірмелік жұмыс жүргізгені үшін үстемеақы төлеуді ұсынды. Екінші жағынан, олардан міндетті түрде әскери қызметті өткеруді, ең төмен дегенде, сержант әскери атағын иеленуді талап етпек. Осы мақсатта заң қабылданған соң Оқу-ағарту және Қорғаныс министрліктері БӘТД оқытушысына қойылатын біліктілік талаптарын бекітуге және оның мектепте арнайы бекітілген үлгідегі әскери форма киюін рет-

тақырыптары мен қажеттілігіне мүлдем сәйкес келмейді. Озық елдердегі сияқты мектеп оқушылары өзге роботтарды айтпағанның өзінде, дрондарды далалық жағдайда басқаруға үйретілгені жөн. Әзірге, депутаттардың дерегіне, бүгінде тіпті кабинетті рәсімдеу бойынша нақты регламентация да жоқ. Салдарынан, мектеп директорлары БӘТД пәні кабинеттерін жарактандыруға мән-мән-сиз бермейді немесе қалдық қағидатымен қаржыландырады.



Ата-бабадан аманат болған ел мен жерді, азаттық пен өр рухты, егемендік пен елдікті сақтау, осы жолда опат болған арыстарды ардақтау, ұлтты шексіз сүю – әрбір буындағы ұрпақтың қасиетті парызы.

Бесіншіден, «AMANAT» фракциясының депутаттары алғашқы әскери даярлық пәні аясында оқушылардың білімін бағалау жүйесін жетілдіруді және балдық жүйені жаңғыртуды ұсынды. Қазір білімді бағалау табелге «зачет» немесе «незачет» деп жазу арқылы жүргізіледі екен. Мектеп аттестатына немесе колледж дипломына БӘТД пәні кірмейтіндіктен, шәкірттер де, ата-аналар да бұл пәнге жүрдім-бардым қарайды. Тіпті, кейбірі баласына әскери бас киімді (пилотка) сатып алғысы келмейді. Ал балдық жүйе оқушылардың пәннің оқу бағдарламасын қаншалықты жетік игергенін толымды көрсетер еді.

**ЖҰМЫС ТОБЫ ЖАҢҒЫРУДЫ
ПЫСЫҚТАЙДЫ**

Депутаттардың бастамасына түсініктеме берген Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарты бойынша БӘТД пәні — міндетті пән саналатынын еске салды. 2022 жылғы 16 қыркүйекте Оқу-ағарту министрі Асхат Айма-

қызметтік қару және оның октары сатып алу үшін рұқсат алуға тиіс. Бұл да біршама кедергі. Вице-премьер сонымен қатар Президенттің тапсырмасы аясында елде 1 300 мектеп реновацияланып жатқанын қаперге салды. Мысалы, жайлы мектептерде әскери жасақталып, БӘТД кабинеттері де жасакталыпты. Реновация аясында 600-ден көп оқушыға арналған мектептердің аталған кабинеттерінің материалдық-техникалық базасы жаңғыртылатын көрінеді.

Қалай болғанда, бастапқы әскери дайындықты реформалау мақсатында Ұлттық білім академиясы жанынан жұмыс тобы құрылды. Топқа 10-11-сынып оқушыларының осы пән бойынша «Оқу жетістіктерін бағалау қағидаларының» жобасын әзірлеу жүктелді. Реформаның не нәтиже әкелерін уақыт пен тәжірибе көрсетеді. Бір анығы, әскери-патриоттық тәрбие жүйелі әрі кешенді жұмысты қажетсінеді. Алғашқы әскери даярлыққа «қалдықтық» көзқарастан арылып, қуатты қолдау көрсетсе ғана Қазақстан жас ұрпақ алдында армияның беделін арттыра алады.



САЛАУАТТЫ ТАМАҚТАНУ –

СІЗ ОЙЛАҒАННАН ЖЕҢІЛ

Еліміздегі балабақша мәзірі мәз емес. Әсіресе, қант нормасы жоғары. Сондықтан дәлелді медицина мамандары бірігіп, петиция жасады. Көп уақыт өтпей, тиісті орган жағдайға мойын бұрып, тиісті міндет жүктеді. Науқан кезінде парақшасында құнды ақпаратпен бөліскеннің бірі – нутрициолог Арайлым Мұратқызы. Осы орайда маманмен салауатты тамақтану, нутрициологиядағы миф жа-йында сұхбаттастық.

— Әңгімені таңғы астың маңызынан бастасaq?

Таңғы асты тастамау керек пе, әлде?

Иә, таңғы ас маңызды. Бірақ міндетті емес. Қазір түсіндіремін. Тамақ ішу уақыты емес, оның сапасы мен құрамы маңыздырақ. Жалпы, рационның қандай соған назар аудар дер едім. Таңғы ас салауатты тамақтанудың пайдалы компоненті бола алады. Яғни, ол жалпы рационның сапасын жақсартса, тәбетті қадағалауға көмектессе және күні бойы энергияңызды қажетті деңгейде ұстап тұрса, онда ас болсын! Әйтпесе, таңғы ас ішпейтін, бірақ өзін жақсы сезінетін, салмағы мен денсаулығында кінәраты жоқ жандар қаншама. Ғылыми деректерге сүйенсек, таңғы астың әсері жалпы контекстке тәуелді. Яғни, сіздің өмір салтыңыз, әдетіңіз бен жалпы рационның. Таңғы астың бар-жоғы емес, осы дүниелер көп нәрсені шешеді. 2019 жылы BMJ-да (British Medical Journal) зерттеу шықты. Әдетте, таңғы ас ішпейтін адамдарға таңғы асты енгізу – метаболизмнің жақсаруы мен салмақтың түсуіне әсер ете бермейді. Ал EFSA (European Food Safety Authority) және USDA (United States Department of Agriculture) таңғы асты міндетті деп есептемейді. Алайда балалар мен жасөспірімдерге пайдалы екенін айтады. Яғни, олардың когнитивті функциялары, концентрациясы мен күш-қуаты үшін аса маңызды. Айта кетерлігі, таңғы ас ішетін адамдарда әдетте рацион сапасы жақсырақ, олар кешке тығнық тамақ жемейді. Оған қоса, төмендегі мифті қоса кету керек. Көпшілік таңғы ас метаболизмді іске қосатынын айтады. Бұл – миф. Біздің метаболизм таңғы 8-де қосылып, кешкі 6-да тоқтайтын машина емес. Ол үздіксіз жұмыс істейді. Уақытқа тәуелді емес. Таңғы ас метаболизмді «оталдырмайды», бірақ жалпы калорияңыздың күні бойы дұрыс жіктелуіне жақсы әсер етеді. Тансәрідегі төрелке ережесіне келсек, күрделі көмірсулар: түрлі ботқа (мысалы, сұлы ботқасы), бүгін дәнді нан. – Ақуыз көзі: жұмыртқа, майы аз сүзбе, табиғи йогурт, бұршақтылар, жанғақтар. Талшық көздері: жеміс-жидек, көкөніс, шөп-шалам. Пайдалы май: дөңдер, жанғақтар. Мысалы, бүгін төрелкенізде сұлы ботқасы, сүзбе, алма-банан болсын. Сұлы ботқасының бетіне асқабақ дәндерін себініз. Мұндай таңғы ас тойымды, қандағы глюкозаны қалыптырақ ұстайды және артық жеп-ішудің алдын алады. Токетері, кімге таңғы асты тастамаған дұрыс? Күш-қуат пен когнитивті функциясы үшін балалар мен жасөспірімдерге Гликемияны қадағалап отыру үшін қант диабетімен ауыратын жандар оразасын ашып жүргені дұрыс. Танертең жаттығатындарға энергияны толықтыру үшін керек. Кешке тоқтамай тамақ ішетін адамға таңғы ас калорияларды біркелкі жіктеуге көмектеседі. Егер таңертең қарныңыз ашпаса және күні бойы баланса сай, салауатты әрі сапалы тамақтансаңыз таңғы ас ішудің қажеті жоқ.

— Осыдан біраз жыл бұрын бөрі Америка сайтынан жаппай БАД сатып алуға көшті. Ал қазір соның зиянын айтып жатыр. Қай ақпаратқа сенеміз?

— Елімізде сіз атаған сайттың белсенді қолданушысы әлі де көп. Сондықтан саудасы қарқынды жүріп жатыр. Бұрын да болған, қазір де бар, болады да. Өйткені бұл үлкен бизнес көзі. «Мал өсірсен, қой өсір. Өнімі оның көл-көсір» дегендей, бұл жердегі қойды мен БАД-қа алмастырар едім. Қарапайым мысал, 2023 жылы әлгі сайттағы БАД-тарға біздің қазекен 20 млрд теңге құртқан. Бұл Apple, Google, Meta секілді компанияларға жұмсалған ақшадан асып түскен көрсеткіш. Интегратив дәрігерге сенеміз бе, әлде дәлелді медицина маманына ма? Әрине, дәлелді медицинаны ұстанатын дәрігерге. Сақтау айтқанда, халықаралық денсаулық сақтау ұйымдарының (WHO, EFSA, USPSTF, NIH) ресми нұсқаулығына, ірі мета-анализдер мен зерттеулер нәтижелеріне (RCT) сүйене жұмыс істейтін мамандарды оқуға, тыңдауға тырысыңыздар. Ал кімнен және неден сак болу керек? Блогерлер мен интернет-дүкендердің жарнамасынан, «100% табиғи, зияны жоқ» деген уәдеден аулақ болыңыз.


— Ал шыны ыдыстан тамақтану керек, пластик дұрыс емес дейміз. Ыдысқа қатысты сөздің қайсысы рас, қайсысы жалған?

— Иә, бұл да нутрициологтар айтып жүрген бір хайп тақырыптың бірі. Жалпы, мұндай тақырып қызық болған соң, көрігін қыздыру үшін түрлі қадам жасайды. Контент охvatын көтеру үшін кликбейт жасап, тақырыпқа шулы атау қойып жатады. Мысалы, «бұл ыдыстарды үйде ұстамаңыз!» деген секілді. Ал негізінде салқынқанды қарап, ізденсек, қорқынышты ештенесі жоқ. Әр ыдыс-аяқтың өзінше қызметі бар, материалының да қызметі сондай. Мысалы, нақты шыны мен пластикті алайық. Шыны ыдыстың артықшылығы: инертті, ешқандай химиялық қосылыс бөлмейді, дәм мен иіс қалдырмайды, ыдыс жуғышта және микротолқынды пеште, мұздатқышқа сала аласық. Эко-био сүйгіштерге ұнамды. Кемшілігі: сынғыш, тасымалдауға және жолға алуға қолайсыз, ауыр, бағасы қымбаттау. Ал енді палестикті қарастырайық. Оның артықшылығы: жеңіл әрі сынбайды – балаларға, жолға, мектепке ыңғайлы, қолжетімді баға – шыныдан арзанырақ, арнайы түрлерін ыдыс жуғышта және микротолқынды пеште, мұздатқышқа қолдануға болады. Кемшілігі: арзан нұсқасында зиянды қоспа болуы мүмкін, осындайда сенімді өндіруші таңдау маңызды. Иіс пен бояуды сіңіруі мүмкін – қызылша, сәбіз, дәм-деуіштер. Сондықтан BPA-free, food grade, microwave safe секілді арнайы таңбалары бар пластиктерді аламыз, сенімді өндірушіні таңдаймыз. Сапалы дүние көзге көрініп тұрады.

Жалпы, пластиктегі таңбаға мән беріңіздер және соған сай қолданыңыз. Мысалы, өндіруші «бұл ыдысты микротолқынды пеште қолдануға болмайды» делі ме, демек қолданбаймыз. Немесе бұл пластик «бірреттік, қайта қолдануға болмайды» делі ме, демек қолданбаймыз. Бірақ адамдар мұндай таңбаға мән бермейді. Әлгі бірреттік қола-пепсидің бөтелкесіне қымыз, сүт құйып, сататындар бар. Бұған пластикті кінәлай алмаймыз. Әр ыдысты, әр материалды инструкциясына сай қолдану қажет. Сонда бәрі дұрыс болады.

— Міне, шыны ыдыстың, чиа дәнінің бағасына қарап дұрыс тамақтану қымбат дейміз...

— Нутрициологтың мақсаты – БАД сату емес, дәл осы аталған стереотиптермен жұмыс деп ойлаймын. Салауатты тамақтану – сіз ойлағаннан жеңіл, қымбат емес. Қымбат етіп көрсететін – маркетинг пен интернеттегі қисық ақпарат. Маркетингтен мысал келтірейікші. «Денсаулыққа пайдалы» деген атаумен сатылатын бренд өнімдер бар. Мәселен, гранола, протеин батончигі, био-желелер, суперфудтар. Егер сіз салауатты тамақтану осы екен деп суперфуд, эко-био деген азық-түлікті алсаңыз, кейін артынан 125 БАД қоссаңыз, онда әріне ақшаныз шақ келмейді. Алайда салауатты тамақтану ол туралы емес. Салауатты тамақтану рациондағы сәбіз бен жұмыртқадан басталады. Қымбат азық-түліктін арзан баламасына бірнеше мысал айтайын. Киноаны – қарақұмық, арпа, тары, сұлы, күріш және тағы басқасына алмастырыңыз. Чиа дәнінің орнына зығыр дәні, күнбағыс



— Асханамен дос емес, алайда отбасы төрелкесін түрлендіріңіз келетін аналарға берер кеңесіңіз?

— Кез келген әйел бесасап болуға міндетті емес. Бірақ жаңының тағам мәдениетіне өн өзгеріс әкелуге қабілеті жетеді. Төрелке түрлендірудің ең оңай әрі негізгі жолы – түрлі-түсті жеміс-жидек пен көкөністерді қосу.

Себебі мұның ұтымды тұсы – жуу мен турауды білсеңіз болғаны. Дастарқаныңыз кемпіркөсакқа айналады. Ал жеміс-жидекті жуудың өзі жетіп жатыр. Таңғы ас кезінде дастарқанға түрлі-түсті жемісті турап қойыңыз: алма, банан, киви. Жазда оған түрлі жидек қосылады. Түскі ас пен кешкі ас кезінде қарапайым көкөністерден салат ұсыныңыз. Интернет рецепке толы: тоназытқышта жатқан ингридиенті жаза салу жеткілікті. Тіпті, салат жасамай-ақ әлемі пішімде турап, ұсыныңыз. Мысалы, жінішке таяқша түрінде туралған сәбіз, болгар бұрышы, сельдерей, қияр секілді көкөністі қаймақпен ұсыныңыз. Әдетте, бұл балаларға ұнайды. Тағы бір жолы – турап, қатырып қойған көкөністер жиынтығы. Ет қуырылып болды-ау дегенде қосып жіберіңіз! Тамақ бетіне шөп-шаламды себуді әдетке айналдырыңыз. Төрелкенің түрлене түседі. Стористе күнделікті жаңұямының мәзірімен бөлісемін. Оқырмандар «ресторандағыдай жасайсыз» деп жатады. Анықтап қарасан, қарапайым тамақ, тек жанына жоғарыда жазған «кемпіркөсакты» қосамын. Менде де аспаз емеспін. Тіпті, нан жаюды да білмейтінмін. Қуанышма орай, салауатты тамақтану – сағаттап ошақ басында жүру деген сөз емес.

Сұхбаттасқан
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ



ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Жамбыл облысы – дамудың даңғыл жолында. Биылғы қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша өңір экономикасының өсімі 15,8 пайызды құраса, бұл орташа республикалық көрсеткіштен асып түсті. Оң динамика экономиканың негізгі салаларындағы өсім есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Атап айтсақ, өнеркәсіп – 23,6%, ауыл шаруашылығы – 0,7%, құрылыс – 22,1%, көлік – 11,2%, байланыс – 7,7% және сауда – 2,5%-ға өскен.

А Саятхан Сатылған,
Жамбыл облысы

Қарқынды дамудың маңызды шарты өңір экономикасына тұрақты түрде түсетін инвестицияларды тарту екені белгілі. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің айтарлықтай өскені байқалып отыр. Осылайша, өңірлер арасында Жамбыл облысы көш бастап тұр.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 есеге (190,8 млрд теңге) артқан. Бұл бизнес қауымдастықтың өңірдің экономикалық әлеуетіне деген сенімі жоғары екенін айғақтауда.

Жамбыл облысы әкімдігінің Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының мәліметіне сүйенсек, инвестиция көлемі бойынша қазір жоспар 115 пайызға орындалып тұр.

Ал 2025–2028 жылдар аралығында құны 3,7 трлн теңгені құрайтын 62 инвестициялық жоба іске асырылуда. Атап айтатын болсақ, «Еврохим Қаратау» компаниясы бірінші кезеңін 2025 жылы іске қоса отырып, жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіруді бастайтын болады. Ал 2026 жылдың ІІІ-тоқсанынан бастап осы кәсіпорын жылына 1 млн тоннаға жуық минералды тыңайтқыштар өндіреді. Жалпы, «Еврохим Қаратау» компаниясының инвестициялық жобаларының құны 530 млрд теңгеге жетіп отыр.

Бұдан бөлек, Qazaq Soda компаниясының жылына 1 млн тонна кальцийлендірілген сода өндірісі бойынша зауытының құрылысы жүргізілуде. Инвестиция көлемі 208 млрд теңгені құрайды. Зауыт 2027 жылы толықтай іске қосылады.

Сонымен қатар биыл Talas Investment Company компаниясының цианді натрий өндіру жобасының екінші кезеңі іске асады. Кәсіпорын жылына 30 мың тонна цианді натрийін өндіретін болса, жобаның құны – 26 млрд теңге.

Цианді натрийін өңдеу бойынша екінші бастама – Al-tynalmas Reagents компаниясының құны 67 млрд теңге құрайтын жобасы. Жобаның жылдық қуаттылығы 25 мың тонна. Өндіріс орны 2027 жылы іске қосылады.

Химия саласындағы тағы бір жоба – Kazakhstan Hydrogen Petroxide компаниясының сутегі асқын тотығын өндіру зауыты. Жобаның жылдық қуаттылығы 30 мың тонна болса, инвестиция құны 30 млрд теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың ІV-тоқсанында аяқталмақ.

Металлургия саласындағы Yonggang Central Asia Iron And Steel ЖШС-ның да инвестициялық жобасы іске асырылуда. Жобаның құны – 637 млрд теңге. Жылына 3 млн тоннаға дейін құбырларды өндіруге арналған қатанка, арматура, жолақты болат және профильді болат өндіреді. Жобаның аясында 1000 жана жұмыс орны ашылмақ.

Бұдан бөлек, Қытайдың Fufeng Group компаниясы Қазақстанда ауқымды агроөнеркәсіптік жобаны жүзеге асыруда. 2025 жылдың сәуір айында Жамбыл облысының Шу ауданында жүгеріні терең өңдейтін зауыттың құрылысы басталды. Бұл жоба Қазақстандағы ең ірі агроөнеркәсіптік жобалардың бірі болып табылады. Жобаның құны 173 млрд теңгені құраса, жылдық қуаттылығы 1 млн тонна жүгері өнімдерін өндіретін болады.

«Азия Чем» компаниясы да фосфориттер кенін қолдана отырып, суперфосфат тыңайтқышын өндіру бойынша құрылыс жұмыстарын бастап отыр. Жобаның құны – 15 млрд теңге. Кәсіпорынның жылдық қуаттылығы 100 мың тоннаны құрайды. Жоба 2027 жылы іске қосылады. Бұдан бөлек, «Қаратау Цемент» компаниясының қуаттылығы жылына 25 мың тонна көлемінде пиросульфит натрийін өндіру жобасы жемісті жүзеге асыруда.

Енді биылғы жобаларды айтсақ, 175,2 млрд теңгеге нақты 30 инвестициялық жоба іске асырылуда. Олардың ішіндегі ең ірілері – «Асель Агро» АҚ-ның құс фабрикасы. Жобаның құны 2 646 млн теңге болса, жылына 4,600 тонна құс еті өндіріледі деп күтілуде.

Ал KazGazBlock ЖШС газдалған бетон шығармақ. Жобаның құны – 1 200 млн теңге. Қуаттылығы – 100 000 текше метр. KazGeoEnergy ЖШС-ның әк өндіру зауыты да бар. Бұл жобаның құны – 900 млн теңгені құрап, жана жұмыс орындары көптеп ашылады деп жоспарлануда.

Бұдан бөлек, Alit Holding ЖШС-ның құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін цех салу, Shagala Mining ЖШС-ның мыс кендерін үйімелі шаймалау зауытын салу, «Аметист-2012 БР» ЖШС-ның құрамында алтын бар кенді өндіру, «ЕвроХим-Тыңайтқыш» ЖШС-ның минералды тыңайтқыш шығару, KAZCHEMTRADING ЖШС-ның цемент өндіру, «Электрозвод Құрастыру Зауыты» ЖШС-ның теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі, Zhambyl Minerals ЖШС-ның «Аққұдық» кен орнын өнеркәсіптік игеру сынды жобалар бар. Аталған бастамалардың барлығы өңірге миллиондаған инвестиция әкеліп қана қоймай, жергілікті тұрғындар үшін жана жұмыс орындарын ашуға сеп болмақ.

Әрине, оң динамика өңір экономикасының тұрақтылығын айғақтайтыны айқын. Ал салаға салынған инвестиция ел игілігіне жұмсалса, одан әлеуметтің әлеуеті артатыны тағы анық.

ПАРАСАТ

29 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Абай салған сара жол бар. Сол жолға түскен Алаш арыстары қазақ баласының көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін қолдан келетіннің бәрін жасап бақты. Сол асыл мұраттың қасиетті бастауы болған шаңырақтың бірі – Семей мұғалімдер семинариясы. Расында, бұл оқу орнының тарихы тым тереңде. 1903 жылы ашылған семинария Батыс Сібір округіндегі халық мектептерін мұғалімдермен қамтамасыз етті.

Гүлзина БЕКТАС

Кезінде осы семинариядан Құрманбай Мұздыбаев, Әбікей Сәтбаев, Ахметолла Барлыбаев, Әбіш Хасенов, Имамағзам Әлімбеков, Рахымбай Сапаков, ағайынды Биахмет және Жанахмет Сәрсеновтер, Мұстафа Шантин, Қазы Нұрмұхамедов, Ахметбек Шикібаев тәрізді ойы озық азаматтар білім алды. Осында Нұрғали Құлжанов қазақ тілінен сабақ берген.

Сондай-ақ Семей қазақ педагогикалық техникумында Әлімхан Ермеков, Тайыр Жомартбаев, Халел Ғаббасов, Сейітбаттал Мұстафин, Мәннан Тұрғанбаев, Мұстақым Малдыбаевтар сияқты Алаш қайраткерлері, ұлт зиялылары тәлім-тәрбие бергенін білеміз.

Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шәкен Айманов секілді көрнекті тұлғаларымыздың есімі осы оқу орны тарихында алтын әріппен жазылып қалды.

Осындай тарихы терең, дәрежесі ерен оқу ордасына басшылық жасау онай іс емес. Колледждің өз дәстүрі бар: оқуға қабылданған әр студент Мұхтар Әуезовтің шығармалар жинағын сатып алып, өзінің жеке кітапханасының қорын жинақтауды бастайды, осы орайда әр оқушыға заңғар жазушы шығармаларын мұхият оқу талабы қойылған. Білім бағдарламасы барысында Мұхтар Әуезовтің шығармаларын мазмұндау, үзіндіні мәнерлеп жатқа оқудан арнайы байқау ұйымдастырылады. Үздік студент колледждішілік байқауға жолдама алады. «Үздік әуезовші» атағына лайық болу — әр шәкірт үшін үлкен мәртебе.

Мұның бәрін жүйелі түрде реттеп отырған бір жан бар: ол — Шағангүл Жанаева. Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж директоры бүкіл жан-тәнімен, болмыс-бітімімен Алаш идеясын қабылдап алған, бойына сіңірген кісі. Жай қабылдап қана қоймай, жас ұрпаққа сол идея мен асыл мұраттарға адал болудың жолын үйретіп келе жатқан білікті басшы.

БАЛДАЙ ТӘТТІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Табиғатынан зерек, жанары ойлы, көзқарасы терең жанның білімге құмарлығы қашан да артып тұрады. Біздің кейіпкеріміз де осындай биік болмыс иесі, білім мен тәрбиені өмірінің өзегіне айналдырған тұлға. Ол 1965 жылы 2 маусымда Абай ауданының Қызыл Ту ауылында дүниеге келген. Әкесі Алдамжар Жанаев — мал шаруашылығын жетік меңгерген білікті маман, ел ішінде абырой-беделімен танылған азамат. Анасы Жұмаш Кенжалина — ауылдың рухани тірегі саналатын кітапханада қызмет еткен, ұрпақын ұлағатпен тәрбиелеген парасатты жан. Еліне еңбекпен, ұрпағына өнегемен танылған осы шаңырақта дүниеге келген Шағангүлге ата-анасы елдің айдынды өзені Шағанның атын беріп, өмірі судай мөлдір, дариядай кең болсын деген ниетпен сөбидің есімін қояды.

Зиялы ортада өскен баланың таным көкжиегі ерте кеңейеді. Шағангүл Алдамжарқызы да кішкентай күнінен қызық дүниелерге құмартып өседі. Әкесі айтатын тарихи аңыздар мен ел тағдырын баяндайтын шежірелер оның балғын санасында ұлт рухының дөнін септі. Шаңырақтан қонақ үзілмейтін, сөзі салмақты, өресі биік адамдар жиі табылатын. Қазақтың белгілі ақыны атақты ақын Төлеужан Ысмайылов та әке шаңырағына жиі табан тіреп, қонақ болатын.

«Кенжесі болған соң ба, әкем мені ерекше еркелететін. Жазғы демалыста Аңғозге, Семейге барып қайт» деп, мені ауылдас ағаларға тапсырып, ақшамды санап беріп жіберетін» деп еске алады кейіпкеріміз. Сол бір балалық естеліктердің әрбір үзігі оның есейген шағында да елжірей еске алатын қымбат қазынасына айналды. Әке үлгісі, ана мейірімі, ауылдың дархан мінезі — Шағангүл Алдамжарқызының өмірлік бағытын айқындап берген. Әкесі бүкіл одақтық мерзімді басылымдарды жаздырып алып, күнделікті оқып отыратын. Балаға сөзбен емес, іспен үлгі бола білген әке тәлімі болашақ педагогтің бойында білімге деген құштарлықты ерте оятты. Анасы қызмет еткен кітапхана болса — таным әлеміне терезе ашқан парасат мекені. Шағангүл сол орданың тұрақты оқырманына, кейіннен сол білім ордасында білікті маман тәрбиелейтін ұстазына айналды.

Алайда өмір қашан да тосын бұрылыстарға толы. Әкесі өмірден ерте озған соң отбасы Жарма ауданына, кейін Семей қаласына қоныс аударады. Анасының «Шагантай, оқы, білім ал» деген сөздері бойжеткен қыздың көкірегіне үміт сәулесін себелеп, жігерін жаниды. Шағангүл мектепті жақсы бітіріп, 1982 жылы сол кездегі Н. Крупская атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, үздік бітіреді.

Студенттік шақта да оқ бойы озық көрініп, білім мен тәрбиеге ерекше ықыласпен ден қойған бойжеткен оқу орнын үздік дипломмен тәмамдайды. Жас маманның туған ауылына оралуы — ата-ананың үмітін ақтаған, елге адал қызмет етер күннің бастауы еді. «Ата-анамыздың үлгілі тәрбиесін алған үшеуіміз де жоғары білім алдық. Бұл — әкем мен анамын мықты тәрбиесінің арқасы», — дейді Шағангүл Алдамжарқызы өткен күндерге үніле отырып. Расында, осы бір қарапайым ауыл қызының тұлға ретінде қалыптасуы — тек өз табандылығының ғана емес, отбасындағы рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің жемісі.



ШЫҒЫСҚА

БІТКЕН

Бір шынар

АЛАШҚА БАҒДАР БОЛҒАН
МЕКЕМЕ

Семейдегі Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледж — ғасырдан астам тарихы бар қара шаңырақ. Бұл оқу орнында Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан сияқты қайраткерлер білім алған. Тізе берсек, қазақтың мандайалды ұлдары, елім деп еңірген, ұлтының жоғын жоқтаған талай тұлғалар осы жерде білім нәрімен сусындаған, үлкен өмірге қанат қаққан. Әлкей Марғұлан бір естелігінде: «Бұл семинария институтпен теңдес келетін оқу орны» деп жазады. Жазса жазғандай-ақ, бұл киелі мекемеден кімдер қанат қақпады дерсін!

Сондықтан бұл педагогикалық колледж ғана емес, білім беретін қай шаңырақтың да мақсаты — өз Отанына адал қызмет ететін саналы да парасатты ұлт кадрларын даярлау. Сол білім ордасының бүгінгі кемел келбеті мен жарқын жетістіктеріне қаншама ұлағатты ұстаздардың ерен еңбегі сіңген. Соның ішінде жанашыл педагог Шағангүл Жанаеваның да қосқан өлшеусіз үлесі жатыр. Ол бұл колледжде 1992 жылдан бері табан аудармай қызмет етіп келеді.

Шағангүл Алдамжарқызы өз еңбек жолын 1986 жылы Абай ауданының Құндызды орта мектебінде

бай, адамгершілігі мықты, ізгі қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екендігі анық», — дейді кейіпкеріміз. Бұл игі бастама колледж қабырғасында ғана қалып қойған жоқ, республикалық деңгейге шарықтап кетті. Тіпті, бүгінгі күні тәрбиелік жұмыстардың басты темірқазығына айналды.

Автордың өзі де «Ұлттық тәрбие — тек өз ұлтының құндылықтары ғана емес, басқа да халықтардың рухани мәдениетінен өнеге алуға тиіс. Ондағы ұлттық мұраттар, бостандықсүйгіштік, қайырымдылық, ізгілік т.б қасиеттері ұлттық мазмұны арқылы жалпы адамзатқа пайдалануға беріледі. Олай болса Шекспир мен Гетенің, Достоевский мен Толстойдың, Абай мен Шәкәрімнің, Әуезовтің шығармалары ұлттық тәрбие негізінде кез келген адамды жетілдіруге көмектеседі», — дейді.

Қазақтың киіз үйінің құрылымына негізделіп жасалған бұл жүйе — ұлттық танымға, дәстүр мен болмысқа терең бойлаған ерекше жоба. 1992 жылы бұрылған бұл жоба ұлттық тәрбие жүйесінің құрылымы қазақ халқының ұлттық танымына, ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру философиясына, салт-дәстүріне, өзін

лайықты бағаланып, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына ие болды, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісімен марапатталып, халықаралық энциклопедияға еніп, «Білім беру ісіндегі үздіктер» қатарынан көрінді. «Ерен еңбегі» медалімен марапатталды, Бүгінде ұзақ жылдық тәжірибесі бар ұстаз — білім ордасының тірегі, жастардың рухани тәрбиешісі. Өзінің «Бастық болсам» деген арманы болмаса да, адал еңбегі мен кәсіби қарымына сүйенген жоғары бағаммен басшылық қызметке көтерілді.

Айта кететін тағы бір дүние — 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысына барған сапарында колледж жұмысымен танысып қайтты. Білім ордасынан білім алған ұлы тұлғалардың өміріне арналған көрмені аралап, оқытушылар ұжымымен және студенттермен пікірлесті. Сол жылы Мемлекет басшысы колледж директоры Шағангүл Жанаеваға II дәрежелі «Барыс» орденін табыстады.

Ұжым ішінде де, шәкірттер арасында да ұстаздың беделі зор. «Көргені жақсы көш бастар» демекші, Шағангүл Жанаевадай ұстаздардың еңбегі арқылы ұлттық педагогиканың, кәсіби білім беруің мәртебесі арта түсетіні анық. Оның өнегелі өмір жолы — болашақ ұрпақ үшін тағылымды сабақ.

АҚЫННЫҢ ЖАРЫ

Ақын болу — пешенеге жазылған тағдыр. Ал ақынның жары болу — жүрекпен таңдаған, сабырмен көтеретін, нәзік әрі асыл миссия. Ақынға серік болу — бір сәттік шабыттың сергелденін ғана емес, тұтас рухтың тылсым әлемін түсіне білу, үндестікпен өмір



тани отырып өзгеге төр беретін елдің кеңдік болмысына толық жауап береді. Өйткені ол — қазақтың бұрыннан жасалып келе жатқан киіз үйдің негізгі тірек бөлшектерімен аталатын жүйелі сала-сала бөлімдік жұмыстар. «Шаңырақ», «Тоғын», «Құлдіреуіш», «Уықтар», «Кереге тор көздері», «Босаға», «Табалдырық» — бүгінде өзіміз ел болып іздеп жүрген, ал тапсақ, «Япыр-ау, солай екен ғой» деп таңдай қаға тамсанатындай ауқымды істердің жолбасшысы. Ұлттық болмысымыздың ерекшелігін айқаптайтын салт-дәстүріміздің нәзік пернесін тап баса білетін Шағангүл Алдамжарқызының сезімтал «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғасы өзгелерге өнеге.

Одан бөлек, «Наурыз аруы», «Достық фестивалі», «Әуезов сыны» сияқты дәстүрге айналған ауқымды шаралар — ұстаз еңбегінің жемісі. Бұл жобалар өз

сүре білу деген сөз. Бұл — Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тыныштықбек Әбдікәкімовтің жары айтқан әр сөзінен, әр лебізінен анық анағрылады.

Мемлекеттік сыйлық демекші, бұған дейін аймақта тұратын ақынның мұндай марапатқа ие болуы сирек-тұғын. Тіпті болмаған десек те, жасырын емес. Сол сенді бұзып, тұңғыш рет Тыныштықбек ақын тыннан түрен салды. Қазір жас ақын-жазушылардың арасында қалыптасқан екі мектеп бар: бірі — Есенғали мектебі, екіншісі — Тыныштықбек мектебі. Бұл да болса, шығармашылық ортада жүрген жастардың ақынға деген ерекше құрметі дер едік.

«Ақындардың мінезі де, түйсігі де бөлек. Олар өмірлі басқаша көреді, жүрекпен қабылдайды. Пушкин айтқандай, «Ақын сөзді қолмен ұстағандай көзбен көреді». Міне, менін жарым — сондай жан. Тыныштықбек — ойдың ақыны. Сезім тереңінен сыр тартып, сөздің шың мағынасын іздейтін ерекше тұлға», — дейді ақынның жары. Шынында да, Тыныштықбек — қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар тұлға, елге белгілі азамат. Бірнеше кітабы жарық көрген, оның бәрі ұлттың рухани өзегін, дүниетанымдық болмысын терең бейнелеген туындылар санатындағы дүниелер. Ақын — парасат пен сабырдың, сыр мен сымбааттың тұтасқан көрінісі. Оның жанындағы жары — сол әлемнің сырын сезінген, шуағына шомылған, көлеңкесіне де көніп үйренген аяулы адам. Әйел — қашан да өмірге шуағын шашып жүретін жан. Ол қай ортада жүрсе де, мейлі жұмыста болсын, мейлі үйде айналасына жылу мен ізгіліктің ұрығын себуге тиіс. Себебі әйел — отбасының ғана емес, қоғамның да тыныс-тіршілігіне тікелей әсер ететін тұлға. Қоғаммен біте қайнасып, тынымсыз еңбек етіп жүрген соң, түрлі мәселелердің туындайтыны да заңдылық. Алайда сол күнделікті күйбен тірліктің дау-дамайын, артық сөзін отбасына алып келу — Шағангүл Алдамжарқызы үшін жат нәрсе. «Себебі үй — жан тыныштығының, сүйіспеншілік пен түсіністіктің мекені. Ол ортада мен — жармын, анамын, енемін, әжемін. Әр ролім — өз алдына жауапкершілік пен мейірімділікті қажет ететін қасиетті міндет. Сондықтан да жұмыстағы қандай қиындық болмасын, оның салқыны отбасының психологиялық «ауа райына» әсер етпеуге тиіс. Әйел — сабырдың, парасаттың иесі. Ол өмірге нәр беріп тұратын көзге көрінбес сәуле іспетті», — деп түсінеді ол. Жолдасы туралы да керемет естеліктер әлі күнге дейін кешегідей көз алдында. «Ол өлеңін жазып болған соң, кейде шаршап отырсам да, маған оқып береді. Қабағымға қарап, үнсіз пікір күтіп отырады. Кей сәтте өлеңнің астарын жүрегіммен ұғынып, тілмен жеткізе алмай жатсам, өзімше ойымды жеткізем. Сонда «дәл осыны күтіп едім» деп қуанады. Бұл — біздің арамыздағы ішкі үндестік», — дейді ол ақынмен бірге өткізген өмір сабақтары туралы.

Ақынның жан дүниесін түсіну — үлкен мектеп. Ол — тек отбасының емес, тұтас рухтың, поэзияның тынысын тану. «Егер сол мектептен бірге жүріп, оның ырғағына ілессе алмасаң, өмірің апатқа айналады», — дейді кейіпкеріміз шынайылықпен. Ақынның жанындағы әйел — нәзік бола тұра мықты, сабырлы бола тұра сергек, төзімді бола тұра терең болуға тиіс. Өмірге үлкен сұраныспен қарайтын адамның жанынан табылу үшін ұсақ ойламайтын, биік мақсатқа бейім болу қажет.

Бүгінде олардың отбасындағы ұрпақ сабақтастығы жалғасып келеді. Рас, ұлт тәрбиесі — қыз тәрбиесінен басталады. «Қызға қырық үйден тыйым» деп бекер айтылмаған. Сол тыйым — шектеу емес, шымыр тәрбие, терең тағылым. Ол — болашақ анаға берілетін алғашқы сабақ. Ақын жары осы жолдан сүрінбей өтіп, ақынның ғана емес, ұлттық болмыстың тірегіне айналған парасатты келін, аяулы жар, өнегелі анаға, сүйікті әжеге айналған.

Қоғам аяулы тұлғаларын қадірлейді. Саналы азаматтына сенім артады. Ұстаз, ана, қайраткер боп қалыптасуы онай емес. Алаш азаматтарының ізі қалған қасиетті шаңырақтың туын жықпай, елге үлгі етіп келе жатқан Шағангүл Алдамжарқызының ізгі ісі — көпке үлгі.



мұғалім болудан бастаған. Білім мен тәрбиеге деген ықыласы мен іскерлігі оны көп ұзамай Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайына алып келді. Мұнда ол бөлім меңгерушісі ретінде қызмет етті. Ал 1992 жылы Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледже келіп, өмірінің жана белесін бастады. Осы оқу ордасында ұстаздық пен ұйымдастырушылық қабілетін танытып, директорлық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кейін оқу орны басшысы ретінде жемісті еңбек ете берді. Осы колледжде жүріп, «1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және К. Мырза Әлі шығармашылығы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ұжымдастыра білетін, тың бастамаларды сәтті жүзеге асыратын Шағангүл Жанаева әр іске зор жауапкершілікпен қарайды. Өз ісіне адалдығы мен шығармашылық қабілетінің арқасында ол оқу ордасының тәрбиелік бағытына жаңа серпін әкелді. Оның авторлығымен колледж қабырғасында «Ұлағат» атты ұлттық тәрбие жүйесі құрылды. Бұл — ел тәуелсіздігін алған елең-алаң шақ еді.

«Бағдарламаның көкейкестілігі қазіргі Қазақстанның білім аясының ахуалы ұлттық рухқағы бағдарларды, адами құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды талап етеді. Елді елден, халықты халықтан ерекшелетін бірден-бір белгі — оның ұлттық құндылықтары және қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір критерийі адамның рухани байлығын арттыру. Ендеше жас ұрпақтың жағымсыз күйге түспеуіне, олардың рухани

кезенінде облыстық және республикалық деңгейде жоғары бағаланды. Ұлағатты ұстаз Шағангүл Жанаева — тек педагог емес, ұлттық руханиятқа жанашырлықпен қарайтын шынайы зиялы. Оның бастамасымен колледжде білім алған атақты тұлғалардың есімін есте сақтау мақсатында 34 атаулы кабинет ашылған. Бұл — жастарға өнеге болатын тағылымды бастама. Бұл жай кабинет қана емес, зерттеу орталығы десек те артық емес. Бұл кабинет тұлғалардың ұрпақтарының демеушілігімен дүниеге келді.

Сонымен бірге, «Алаштың тұңғыш білім ордасы» атты тарихи-танымдық шежіре кітапты жарыққа шығаруы — ел тарихына деген құрметтің белгісі. Бұл ұғымды оқырман санасына сіңіріп жүрген де кейіпкеріміз. Үш том — сол заманның келбетін көрсететін құнды қазына. Үш кітап оқу орнының 110, 115, 120 жылдық мерейтойларында жарық көрді. Мұнда Қазақстан Орталық мемлекеттік архиві, Ресейдің Омбы, Том архивтерінен мол деректер табылып, жүйеленген.

Ұстаздыкпен қатар қалам ұстаған журналист ретінде де танылған Шағангүл Алдамжарқызы — қоғамдық ойға серпін беріп жүрген жан. Республикалық, облыстық басылымдарда жиі жарияланып жүрген макалаларында елдік мүдде, ұлт тәрбиесі, рухани құндылықтар жайлы өзекті ой қозғайды. Сонымен қатар қаладағы қоғамдық, мәдени іс-шараларға белсене қатысып, өз ортасының рухани көшбасшысына айналған. Білікті басшы ретінде ол колледждің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, оқу-тәрбие үрдісін заманауи талаптарға сай дамыту жолында көп еңбек сіңірді. Оның бұл еңбегі

АЙҚЫНДАМА

29 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТЫНЫСЫ БӨЛЕК
ТАУЛЫ ӨЛКЕ

Мұзбалақ ақын Мұқағали жырына қосқан Нарынқол өңірі... Көкпен таласқан әйгілі Хан Тәңірі шыңы... Бала кезден ақын жырларынан оқып өскен осынау теңдессіз табиғат сұлулығы қазіргі Алматы облысының Райымбек ауданына тиесілі. Бұл аудан – туризм тұрғысынан ғана емес, ел экономикасының өсуіне ықпал ете алатын маңызды аймақтардың бірі. Таяуда таңмен таласа Алматыдан шыққан бір топ журналист Райымбек ауданына қарай ат басын бұрдық. Сапарымыздың түпкі мақсаты да сол – ауданда жаңадан салынған нысандардың жұмысымен танысу, әлі күнге дейін күрмеуі шешілмеген түйткілдерді мінбердегілерге жеткізу.



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

Нарынқолға апарар жол — төзімді сынайтын «лабиринт» сияқты. Әрбір шұңқыр көліктің дөңгелегін ғана емес, жүйкені де жұқартады. Осы күнге дейін толыққанды шешімін таппаған, Райымбек пен Кеген жұртын әбiгерге салған жол азабы — әлі де күйіп тұрған мәселелердің бірі.

Бүгінде Райымбек ауданының аумағында республикалық маңызы бар жол 66 шақырымға созылып жатыр. Былтыр оның 15 шақырымы жөндеуден өткен. Аудан бойынша жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі жолдардың үлесі 145 шақырымға жетеді. Бұл көрсеткіш пайызбен есептегенде — 51,4%. Аудан әкімінің сөзінше, «Кеген-Нарынқол» тасжолын күрделі жөндеуден өткізу 2025-2026 жылдарға жоспарланған.

— Биыл орташа жөндеу жұмыстары басталса, 2026 жылы Кегенге дейінгі жол

толығымен аяқталса, нұр үстіне нұр болар еді. Дәл қазір халықтың да сұрап отырғаны осы. Бұл — ауданымыздағы республикалық маңызы бар жол. Ал 240 шақырымнан тұратын облыстық жолдың 98 пайызы түгел жасалған. Жолдың қалған 2 пайызы биыл аяқталады. Ол үшін алдын ала қаражат та бөлініп қойды. Сондай-ақ аудандық маңызы бар жол 282 шақырымға созылса, қазір оның 220 шақырымы, яғни 65 пайызы жөндеуден өтті. Бұл көрсеткішті 2025 жылы бөлінген бюджеттің есебімен осы жылдың аяғына дейін 250 шақырымға жеткіземіз. Ал қалған 30 шақырымын 2026-2027-жылдары аяқтау көзделген, — деді аудан әкімі Берік Дүйсенбаев.

Жол жөндеу жұмыстарына «Нұрлы жол-7» ЖШС деп аталатын мердігер мекеме таңдап алынған. Конкурстық процедуралар сәуір айының соңында аяқталған. Компанияның жоба жетекшісі Әбілқайыр Аспандиярұлының сөзінше, алдағы 1-2 айдың көлемінде мамандар жол жөндеуге қажетті материалдарды дайындаумен айналысады.

САҒАТЫНА 50 КЕЛІ
ҚҰРТ ЖАСАЛАДЫ

Кезекті аялдама — Qarasaz Food деп аталатын сүт өңдеу зауыты. Ол ең алдымен ауданның ауыл шаруашылығын жандандырып, сүтті жинау мен өңдеудің жаңа жүйесін қалыптастырды. Аудан әкімдігінің қолдауымен әр ауылда сүт жинау бекеттері орнатылып, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс орны пайда бола бастаған. Қазір бекеттер арқылы сүт жинаумен шамамен 10-15 адам айналысады. Зауытка күніне жақын ауылдардан 15 тоннаға жуық сүт жиналады. Осыған дейін сүт өндіру зауыты ішкі нарықпен шектелмей, отандық өнімді шетелге де ұсынып көрген. Былтыр көршілес Ресейге 200 тонна сары май сатқан. Кәсіпорынның өндірістік қуатына келсек, мұнда сағатына 50 келі құрт жасалады.

— Қазір біздің өнімдеріміз нарықта Алматы облысы мен Алматы қаласы көлемінде сатылып келеді. Өндіріс ішкі нарықта өз жұмысын 2023 жылы бастады. Бүгінде сүт өңдеу зауытында 40-қа жуық маман жұмыс істейді. Мұнда майлылығы 15-20 пайыздық қаймақ, сондай-ақ сүт, айран, сүзбе, қатық, май, құрт өндіріледі. Біз сүтті Райымбек және Кеген ауданынан алдырамыз, — деді зауыт басшысының орынбасары Еркін Айбарұлы.

Райымбек ауданының бүгінгі тынысын тек өндіріс ошақтары ғана емес, жаңадан бой көтерген шағын спорт кешендері де айқындап отыр. Ауданның әр түкпірінде салынған бұл кешендер ауыл жастары үшін жиі бас сұғатын орындардың біріне айналған. Мұнда балалар мен жасөспірімдер, тіпті ауыл азаматтары спортпен айналысып, бос уақытын тиімді өткізе алады. Оның бірі — 2024 жылы пайдалануға берілген Сарыбастау ауылындағы спорт кешені. Құрылыстың жалпы алаңы 2253,3 шаршы метр болса, жоба құны — 1 млрд 331 млн теңге. Ұзақ бағты ауылдық округінің әкімі Бакыткелді Қайратұлының сөзінше, спорт кешенінде 80-ге жуық бала тұрақты секцияда спортпен айналысады. Дәлірек айтсақ, мұнда әзірге дзюдо, бокс, казак күресі бөлімі жұмыс істеп тұр. Алайда ауылдық округ әкімі спорт мектебінің басшысымен келісе отырып қыркүйек айында волейбол, баскетбол, футбол секцияларын біріктіруді жоспарлап отырғанын атап өтті.

НАРЫНҚОЛ КАРТОБЫ —
ОТАНДЫҚ БРЕНД

Бүгінде Нарынқол топырағында өнген картопка сұраныс жоғары. Тіпті, бұл аймақ ел ішінде «картоптың отаны» атанып



кеткен. Нарынқол таулы өңір болғанына қарамастан, картоптың басым бөлігі осында өндіріледі.

Былтырдан бері елімізде картоп бағасының шарықтауы қоғамда жиі талқыға салынып жүр. Табиғаттың тосын мінезі мен өнімділіктің төмендеуі шаруаларды да, тұтынушыларды да алаңдатқаны рас. Бірақ Нарынқол өңіріндегі шаруалар бұл жағдайды қалпына келтіріп, өнімділік деңгейін жоғарылату үшін Еуропадан 200 тонна тұқым алып келген. Қазір тұқымды егу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бастапқыда 170 гектар жерге отырғызылса, алдағы уақытта шаруалар егіс көлемін 300-350 гектарға дейін ұлғайтуды көздеп отыр. Кооператив иелігіндегі алқаптарда жанбырлатып суару жүйесі толық іске қосылған соң өнім көлемі мен сапасы бұрынғыдан да арта түседі. Егер жоспар толық орындалып, өнім дер кезінде жинап алынса, Алматы облысында тамыз айында картоп қолжетімді бағада саудаға шығарылмақ. Осылайша, Нарынқол картобы елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің бір тетігіне айналмақ. Кооператив жетекшісі бұл аудан халқы үшін ғана емес, облыс көлемінде картоп бағасының тұрақтануына үлес қосатынын алға тартты.

2022 жылы 10 шаруақожалықтан құрылған «Алтын дән-1» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі — бүгінде аудан экономикасын нығайтатын ірі жобалардың бірі. Біз барған 3 000 гектарға созылған алқап жанбырға тәуелді болғандықтан бұрын бидай егілмеген. Алайда мемлекеттік субсидиялар мен жанбырлатып суаруға байланысты заманауи технологиялардың арқасында мұнда суарылатын егістік пайда болған.

— Қазірдің өзінде 1500 гектар жерге бидай өсті. Институттан элиталық арпа, бидай тұқымдарын алып келдік. Бұл жерге 30 000 текше метр су сыятын су қоймасы

салынады. Қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Алдағы уақытта барлығы ретімен орындалса, бидай ғана емес, картоп, сәбіз өнімдерін тамшылатып суару арқылы халыққа қолжетімді бағада өндіру жоспарда бар, — деді «Алтын дән-1» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің төрағасы Дулат Құлмамұров.

ҚЫТАЙМЕН ЖАЯУ ТУРИСТІК
ЖОЛ АШЫЛАДЫ

Қазір аудан басшылығы өңірдің ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік нысандарды дамытуға басымдық берсе, алдағы бесжылдықта туризмді қолға алуға бекініп отыр. Осы мақсатта Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында жаяу туристік жол ашу жоспарланған. Табиғатымен ерекшеленетін аймақ аспан асты елімен 250 шақырымдай шекаралас жатыр.

«Шекараның арғы жағындағы көршілес мемлекетпен табиғатымыз ұқсас. Сондықтан алдымен жаяу туристер үшін шекараны ашсақ дейміз. Қытай Халық Республикасына күніне 35-40 мың турист келеді екен. Бізге оның 10-20 пайызы келген жағдайда, бұл мемлекетке үлкен кіріс әкелмесе де, орта және шағын бизнесті дамытуда аудан тұрғындары үшін пайдалы болар еді», — деді аудан әкімі Берік Дүйсенбаев.

Райымбек ауданы — Швейцарияға бергісіз тамылжыған табиғатымен көздің жаяуы алады. Алайда сол сұлулықтың тасасында көптен бері шешімін күткен, халықтың тіршілік тынысын тарылтқан мәселелер де жоқ емес. Екі күнге жалғасқан баспасөз турында ауданның даму көрінісін көзбен көріп, елдің тыныс-тіршілігімен бетпе-бет келдік. Енді сапар барысында белгілі болған түйткілдердің түйіні тарқай ма? Мұны алдағы уақыттың еншісіне қалдырық.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті (бұдан әрі — университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан. Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен университеттің қолданыстағы серверінің ескріуіне байланысты сервер сатып алуы.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: Тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 45 күн мерзімі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

- әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
- әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
- әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1) әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;

2) әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда:

а) соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде тауарлар мен қызметтерді өткізгенін растайтын құжаттары;

б) әлеуетті өнім берушінің өндірістік қуатына және сапаны жақсарту шараларына қатысты құжаттары;

с) әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;

д) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

е) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын тауарды жеткізу үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

ф) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары және тауарды өндіруші ұйымның ресми дилері екендігін нақтылайтын құжаттары;

г) басшылық талап еткен жағдайда тауарлардың сапа сәйкестігін растау үшін олардың үлгілері, каталогтары және/немесе суреттері.

h) өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың сапасына қарай жоғарыда көрсетілген ақпараттың немесе құжаттардың қайсысының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру кезінде талап етілетін конкурстық құжаттамада және сатып алуға немесе біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурсқа қатысты хабарландыруда немесе шақыру қағаздарында көрсетіледі.

5. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBK-KZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Конкурсқа қатысушылардың Түкістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе тауарларды жеткізуге қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемеімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 18.06.2025ж. (12:00), 201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті (бұдан әрі — университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен университеттің «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық үшін» №3 оқу ғимаратының жертөлесінен ату тирі мен қару-жарақ бөлмесін жасауды сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет. Қаржылық және экономикалық қабілеттіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

- әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
- әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
- әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;
- әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
- әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;
- өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;
- өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

9. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

10. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары;

11. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

Конкурсқа қатысушылардың Түкістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе жұмыстарды орындауға қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемесімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

12. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBK-KZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап кем дегенде 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 05.06.2025ж. (12:00), 201 кабинет.



Актер болу тек рөл ойнау емес, бұл – мың түрлі өмірді бастан кешіру, театр тіршілігіне жаныңмен беріліп, өнер үшін өмір сүру. Осындай жанкештіліктен өткен актер ғана өз сара жолын қалыптастыра алады. Қ.Қуанышбаев атындағы ұлттық музыкалық драма театрының актері, жас режиссер Ұлан Қабыл үшін театр тек жұмыс орны емес, бұл – өмір салты. Әр рөл – жаңа бір тағдыр, әр қойылым – жаңа бір сапар.

Ұлан ҚАБЫЛ,
режиссер:

ШЕБЕРЛІК ТАБАНДЫЛЫҚТАН ТУАДЫ

Ұлан Қабыл өнер жолына кездейсоқ келген жоқ. Сондықтан да шығар, оның сахнаға деген құрметі ерекше. Ол үшін тек қабілет қана емес, еңбек, ізденіс және табандылық та маңызды.

– Менің театрға келуіме әсер еткен адам – анам. Себебі 5 жасымнан бастап мені Алматыдағы түрлі үйірмелерге, жарыстарға баулыды. Мектепті аяқтаған соң 2012 жылы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясына, қазіргі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләлдің шеберханасына, музыкалық театр әртісі мамандығына оқуға түстім. Өнер саласының айдынында барлық адам өзін қалай сезінеді, менде өзімді солай сезінемін. Әрбір тандалған спектакль, шығарма, өзінді театрда ұстаудың да өзіндік қағидалары бар. Әрине, театр басқа жұмыс орындарынан ерекшеленетіні сөзсіз. Бұл жерде таңертең 10-да келіп, кешкі 5-те кетіп қалу деген жүйе жоқ. Таң атқаннан кеш батқанға дейін осы театрдамыз. Өнердегі ең қиын дүние ол – актер болсын, режиссер болсын жасаған жұмысты көрерменге дәлелдеу. Абай атамыз «ойын арзан, күлкі қымбат» дейді. Театрдың қызығы да, қиындығы да осында, – дейді жас актер.

АКТЕРГЕ ӘР РӨЛ – БІР САБАҚ

Көпке белгілі ірі сахналар мен басты рөлдерге бірден жете салу – сирек кездесетін жағдай. Актерлік жол көбіне кішкентай рөлден басталады: бір ауыз сөзі бар кейіпкер, сахнаның шетінде үнсіз тұрған күзетші не болмаса көпшілік сахнадағы көрінбейтін адам. Бірақ сол кішкентай рөлдердің де үлкен мәні бар. Себебі әр рөл – тәжірибе. Әр сөз – өнер жолындағы бір қадам. Осы қарапайым, елеусіз көрінетін сәттерде актер өзіне сенуді, сахнада өмір сүруді, көрерменнің көңілін ұстауды үйренеді. Ұлы актерлердің өзі бір кезде сахнаның ар жағында тұрып, өз кезегін күткен. Өнер жолы – төзімділік пен табандылықты талап етеді.

– Алғаш рет мен театр сахнасына 2017 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар қаласындағы С.Мұқанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Ер төстік» спектакліндегі құмырсқа рөлімен шыққанмын. Кішкентай рөлдерден бастап, үлкен рөлдерге жету желісі бойынша келе жатқан актерлердің санатынанмын, – дейді Ұлан Қабыл.

Қазір ол «Алтайдан ауған ел» қойылымында – Қозыке, «Дон Кихот» қойылымында Дон Кихот кейіпкерлерін сомдап жүр. «Осы кейіпкерлердің ішінен жаныңызға ерекше жақын болған қай рөл?» деп актердің өзінен сұрадық.

– Актерге әр рөл бір сабақ болып есептеледі. Әр рөлдің өзіндік бір бөлек әлемі болады. Өзіміздің қазақ әдебиетінің шығармалары болсын, мейлі батыс шығармалары болсын рөлдің дұрыс бұрысы жоқ, сондықтан да маған әр рөл бір сабақ, – деді Ұлан Болатбергеноұлы.

Актердің айтуынша, ешқандай рөл «аспаннан алма піс, аузыма түс» болып дайын келмейді. Еңбек ету арқылы ғана сол рөлдің қиындығын женесін. Әр сахнаға шыққан сайын көрерменнің алдында бәрібір қобалжу болады. Сол себепті ешбір рөлдің жеңілділігі жоқ. Әр рөлдің өзінің бір жылулығы да бар. Ешқашан ешқандай рөлді бөліп-жарып, «мынау ғана жақсы» деп айтуға болмайды. Қай рөлді алып қарасаңыз да, өзінің қиындығы болады.

Өнер адамы үшін актерлік шеберліктің ең басты қағидасы – тек қана еңбек. Иә, біреуде талант болуы мүмкін, басқа актерлерге ұқсамайтын ерекшелігі болуы мүмкін. Бірақ темірдей тәртіп пен еңбек болмаса актерлік шеберлік ұшталмайды. Осы екі қағида арқылы ғана актерлік шеберліктің шыңына шығуға болады.

АКТЕР «БОЛДЫМ, ТОЛДЫМ» ДЕГЕН СӘТТЕ ҚҰЛДЫРАЙДЫ

Қазақ театр өнері де, қазақ кино өнері де ұлттық өнерімізді дамытушы маңызды өнер түрлері. Ұлан Қабылдың пікірінше, сахна мен кинодағы актерлік шеберліктің айырмашылығы да бар. Кино мен театрдың аражігін жақсы ажырата білу үшін бәлкім кинода көбірек жұмыс істеу керек шығар.

– Өз басым киноға көп түспегендіктен болар, өзімді ол жерде жат сезінемін. Ал театрда

сенің достарың, әріптестерің, тілгі туысыңнан да артық болатын адамдар бар. Сондықтан театр ең бірінші кезекте үлкен достықты, сенімді талап етеді. Театр – әрқашан жанындағы әріптестеріңнің көңілін таба білу, олармен бір толқында болу. Театрда да, кинода да бұл қажет қасиет. Бірақ киноның бір ерекшелігі – белгілі бір уақытқа ғана түсірілуі мүмкін. Ол белгілі бір сахна, бір лирикалық эпизод болуы мүмкін. Ал театр – бұл күн сайынғы тіршілік. Ол екінші үйіңе айналады. Өмір сүру мәдениетіне айналады. Жаман қарым-қатынас пен үйлесімсіз театрда жұмыс істеу қиын. Театрдағы ең маңызды қағиданың бірі – әріптестеріңмен жақсы қарым-қатынас. Бұл – актер үшін де маңызды, себебі актердің өзіне қажет



Бірақ «Шенбер» ең алдымен ана мен баланың қарым-қатынасы жайлы. Сол қарым-қатынас арқылы қоғамда болып жатқан өзгерістер, көтерілу, құлдырау, бәрі көрінеді, – дейді өнер иесі.

Оның айтуынша, қазір қазақ театры жақсы бағытта дамып келеді. Бүгінде 90-жылдары туған жастардың арасында ерекше актерлерді көріп жүрміз.

– Мен өзімді революционер немесе оппозиционер деп есептемеймін. Тек қана шығармашылықпен айналысамын. Қандай өзгеріс керектігін айту – менің міндетім емес. Ол – процесс. Біз үшін ең маңыздысы – пьесамыз, шығармамыз және актерлермен жұмыс. Өзгерістерді біз спектакль арқылы көрсетеміз. Көрермен соны көріп, өзі түсінуі керек. Ал енді «өзгеріс керек» деп айқайлап, қолымызға жалау ұстап шығу менің табиғатыма жат. Қазіргі қазақ театрында жақсы режиссерлер жетерлік. Олар тек елімізде емес, шетелде де танылып жатыр. Бұл – жақсы тенденция, – дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, жас актерді жетістікке жеткізетін тек қана еңбек, нақты қағидаларды ұстану және «темірдей тәртіпке» бағыну.

Абылайхан
ДУЙСЕНБЕК,
ЕҰУ студенті



дүниелердің бірі – ұжыммен үйлесімділік. Кинода да осы қасиет керек. Бірақ театрда бұл мүлде басқа деңгейде маңызды. Егер сен театрға жүргінмен келсең, онда мәңгілікке сол қағидаларды ұстануың қажет, – дейді жас режиссер.

Ұлан Қабыл жақында көрерменге «Шенбер» спектаклін ұсынды. Бұл оның режиссер ретіндегі алғашқы жұмысы. Qalkei театр лабораториясының бұл туындысы театрсүйер қауымның қызығушылығын оятып, ерекше ықыласқа бөленді. Эпикалық драма жанрында қойылған шығарма сан түрлі сезімге бөлеп, уақыт пен кеңістіктің шекарасынан тыс адамзаттық құндылықтарды ой елегінен өткізуге шақырады. Қойылым барысында Брехтің оқшаулану әдісі қолданылған, бұл актерлік ойын мен көрермен арасындағы қарым-қатынасты жана деңгейде ұғынуға мүмкіндік береді. Адамгершілік пен әділеттілік туралы терең ойға жетелеп, жалпыадамзаттық құндылықтарға үндейді.

– Біздің заман режиссеріне қойылатын талап – қажырлы еңбек. Режиссердің қолтаңбасы деген ұғымға да сактықпен қараған жөн. Бұл жайлы тек көрермен айтуы керек. Менің ойымша, мен ондай дәрежеге жеткен жоқпын. Актер «болдым, толдым» деген сәтте құлдырайды. Мен де «қолтаңбам бар» деп айтуға әлі дайын емеспін. Бұл жұмыстар арқылы көрермендер өзі бағасын береді. Театр – белгілі бір идеяға негізделмесе, спектакль мәнсіз. Кейде өз ойыңмен бөліскін келетін сәттер болады. Алайда ол қарапайым, үстірт болып кетуі мүмкін. Сондықтан «мен осылай айтқым келеді» деу де әркімнің өз еркі. Маған көрермен өзі бағасын беретін спектакльдер ұнайды. Спектакльдің көп сұрақтар тудырғаны, әрине жақсы шығар.

ЗІЛДІҢ ҚАҢҚАСЫ– ПАВЛОДАРДА

Павлодарға Ресейдің Новосібір қаласынан жүнді зілдің (мамонт) толық қаңқасының көшірмесі жеткізілді. Қаңқаның өзі іргелес елдің осы өңірінен 2011 жылы табылған.



Новосібір мемлекеттік өлкетану музейінде сақталып келе жатқан ерекше жәдігер – әлем бойынша қаңқасы ең толық зіл. Оны жергілікті халық «Самсон» деп атап кеткен.

Қаңқаның ұзындығы – 5,5 метр, биіктігі үш метрден асады. Ал жасы – шамамен 40 мың жыл. Алып жануар плейстоцен дәуірінде тіршілік еткен.

Сондай-ақ көрмеде ресейлік суретшілердің туындылары мен сахналық костюмдері ұсынылды.

Еске сала кетейік, Павлодар музейінде мұз дәуірінде тіршілік еткен алып бұғы сақтаулы тұр. Зілге пара-пар алып бұғының биіктігі 4-5 метр болған. Ал салмағы шамамен 700 келі тартқан. Сүтқоректі жануардың сүйектері 1972 жылы қазіргі Аккулы ауданының Жамбыл ауылы маңында, Ертіс өзенінің жарынан табылыпты.

ДЖЕННИФЕР ЛОПЕС КОНЦЕРТІ АЛМАТЫДА ӨТЕДІ



Алматыда 10 тамызда «Қайрат» – «Жеңіс» ойыны емес, Джей Лоның концерті өтеді. Бұл туралы «Қайрат» футбол клубы мен концерт ұйымдастырушылары хабарлады.

Дженнифер Лопестің концерт алдын ала хабарланғандай, 10 тамыз күні Алматының бас спорттық алаңында өтеді.

– Дженнифер Лопестің Алматы қаласында өтетін концертін ұйымдастырушылар – First Media Group және CA Entertainment компаниялары, сондай-ақ «Қайрат» футбол клубының басшылығы мен Алматы қаласының спорттық нысандар дирекциясы бірлесіп, 2025 жылғы 10 тамызға жоспарланған концертті өткізу мәселесі бойынша келісімге келді, – деп хабарлады концерт ұйымдастырушылары.

Ресми мәлімдемеге сәйкес, Алматыда 9 не 10 тамыз күні өтуі керек болған Қазақстан Премьер-лигасының «Қайрат» – «Жеңіс» ойыны 21 қыркүйекке ауыстырылған. Ал «Қайрат» футбол клубының 7 және 12 тамызға жоспарланған сурокубокстік жарыстағы матчтары өзгеріссіз қалып, бұрын жарияланған кесте бойынша өткізіледі.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал Алпысбайұлы –
Ақмола облысы
Алтынай Бауыржанқызы –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Маңғыстау облысы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4598
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,